$$EI_{z,min} = 0.08 \cdot C_w \cdot E \cdot r \cdot t^3 \cdot \sqrt{(r/t)} \quad (5.49)$$

мұндағы  $C_w$  - 8.3.2.5.7 Тармағы мен 8.3.2.5.8 Тармағы бойынша анықталатын жел қысымының таралу коэффициенті  $k_1 = 0,10$ .

### 5.3.2.6 Мембраналық жылжу

5.3.2.6.1 Егер бункер қабырғасының үлкен бөліші жылжитын жүктеменің әсерімен болса (эксцентриситетпен толтыру кезіндегідей, сейсмикалық жүктеме кезінде және т.б.) мембраналы жанама кернеулерден орнықтылықты жою бойынша көтергіш қасиеті әрбір жазық деңгееде қабықшаның бұралу жағдайы ретіндегідей қабылдануы тиіс. Есептеулерде жылжу кезіндегі осьтік діріл ескерілген.

5.3.2.6.2 Изотропты қабырғаның орнықтылық жойылуының шекті жанама кернеуі мына формуламен анықталады:

$$\tau_{\theta,Rcr} = 0.75 \cdot E \cdot \left( \frac{l}{l} \right)^{0.5} \cdot \left( \frac{t}{r} \right)^{1.25} \quad (5.50)$$

мұндағы  $t$  - ең жұқа орындағы қабырға қалыңдығы;

$l$  - қатаңдық сақиналарының немесе немесе бөлік шекараларының арасындағы қашықтық;

5.3.2.6.3 Қатаңдық сақинасы жылжу кезінде орнықтылық жойылу аймағының шекарасы болып табылса, шеңбер бойымен иілу үшін оське қатысты оның  $EI_z$  иілу қатандығы мынадан кем болмауы тиіс:

$$EI_{z,min} = k_s \cdot E \cdot t^3 \cdot \sqrt{r \cdot l} \quad (5.51)$$



мұндағы  $l$  және  $t$  - мәндер 1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.2.6.2 Тармағы бойынша орнықтылық жойылуының неғұрлым шекті нысаны ретінде қабылданады;

$$k_s = 0,10.$$

5.3.2.6.4 Егер жанама кернеулер  $\tau$  құрылымның биіктігі бойынша сызықтық өзгертін болса, ең үлкен жанама кернеулермен нүктедегі шекті жанама кернеулер дейін арттырылуы мүмкін:

$$\tau_{x\theta,Rcr} = 1.4 \cdot E \cdot \left(\frac{r}{l_0}\right)^{0.5} \cdot \left(\frac{t}{r}\right)^{1.25} \quad (5.52)$$

мұндағы  $l_0$  мына формуламен анықталады:

$$l_0 = \frac{\tau_{x\theta,Ed,max}}{\left(\frac{d\tau_{x\theta,Ed}}{dx}\right)} \quad (5.53)$$

мұндағы  $d\tau_{x\theta,Ed}/dx$  - учаске бойынша орташаланған биіктігі бойынша жанама кернеулердің өзгеруінің осьтік градиенті;

$\tau_{x\theta,Ed,max}$  - жанама кернеулердің максималды мәні.

Егер  $l_0$  ұзындығы құрылымның биіктігінен асса, бұл ережені қолданбау қажет, ал қабықшаны 1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.2.6.2 Тармағына сәйкес біркелкі мембраналы жанама кернеулер кезіндегідей қарастыру қажет.

5.3.2.6.5 Егер жергілікті жанама кернеулер жергілікті тіректермен және тірек осьтік қырлармен туындаса, орнықтылық жойылуының шекті жанама кернеулері келесі формула бойынша ең үлкен кернеулермен қабықша мен қырдың жалғанған жерінде анықталады:

$$\tau_{x\theta,Rcr} = 1.4 \cdot E \cdot \left(\frac{r}{l_0}\right)^{0.5} \cdot \left(\frac{t}{r}\right)^{1.25} \quad (5.54)$$

ондағы  $l_0$  былайша анықталады:

$$l_0 = \frac{\tau_{x\theta,Ed,max}}{\left(\frac{d\tau_{x\theta,Ed}}{dy}\right)} \quad (5.55)$$

мұндағы  $d\tau_{x\theta,Ed}/dy$  - учаске бойынша орталанған қырдан қашықтықтың өзгеруіне байланысты шеңбер бойынша жанама кернеулердің өзгеру градиенті;

$\tau_{x\theta,Ed,max}$  - бұл жанама кернеулердің максималды мәні.

5.3.2.6.6 Орнықтылық жойылуының есептік кернеулері жанама кернеулердің әсер етуі кезінде келесі шамалардың ең кіші мәні ретінде анықталады:

$$\tau_{x\theta,Rd} = \alpha_t \cdot \tau_{x\theta,Rcr} / \gamma_{M1} \quad (5.56)$$

және

$$\tau_{x\theta,Rd} = 0.57 \cdot f_y / \gamma_{M1} \quad (5.57)$$

мұндағы  $\alpha_t$  - жетілмегендік болған кездегі берік төмендетуші коэффициент;

$\gamma_{M1} = 1,1$  - жеке сенімділік коэффициенті;

$$\alpha_t = 0,80.$$

5.3.2.6.7 Есептік бірдей әрекет етуші кернеулер үшін құрылымның барлық нүктелерінде мына шарт орындалуы тиіс:

$$n_{x\theta,Ed} \leq t \cdot \tau_{x\theta,Rd} \quad (5.58)$$

**5.3.2.7 Меридиональды қысудың арасындағы, айналма бағытта және мембраналы жылжудың арасындағы өзара әрекеттестік**

5.3.2.7.1 Бункер қабырғасындағы кернеулі күй қысушы мембраналы кернеулер мен жанама кернеулерден басқа кернеулердің едәуір құраушыларын қамтыған кезде, ҚР ҚН EN 1993 -1-6 талабына сүйену қажет.

5.3.2.7.2 Егер біреуден басқа, есептік кернеудің барлық құраушылары бойлық иілу кезінде сәйкес есептік кедергіден 20 %- дан аспаса, мұндай өзара әрекеттестікке жол беріледі.

**5.3.2.8 Қажу, LS4**

5.3.2.8.1 3 зардаптар тобының бункерлері үшін 1993-1-6 ҚР ҚН EN талаптарын басшылыққа алу қажет.

5.3.2.8.2 2 зардаптар тобының бункерлерінде, егер бункерді пайдаланудың есептік мерзімі ішінде толтыру және түсіру циклдары саны  $N_f = 10000$  асса, төзімділікке тексеру жүргізілуі тиіс.

**5.3.2.9 Циклдық илемдік, LS2**

5.3.2.9.1 3 зардаптар тобының бункерлері үшін ҚР ҚН EN 1993 -1-6 талаптарына сүйену қажет. Циклдық илемдік нәтижесінде мүмкін қағылуды тексеру үздіксіздікті бұзу нүктесінде, жергілікті сақиналы қатандық қырларының жанында және қабықшадағы қосымша элементтердің бекітілу жанында жүргізілуі тиіс.

5.3.2.9.2 Басқа зардаптар тобының бункерлерінде циклдық илемдікке тексеру жүргізілмеуі мүмкін.

**5.3.3 Тік қатандық қырларымен изотропты қабырғалар**

**5.3.3.1 Жалпы ереже**

5.3.3.1.1 Мұндағы изотропты қабырға тік қатандық қырларымен бекітіледі (стрингерлермен), қабырға мен қырда тік қысушы кернеулерді анықтаған кезде ішкі қысымның нәтижесінде қабырғаның қысқару деформацияларының үйлесімділік әсерін ескеру қажет.

5.3.3.1.2 Есептік бірдей әрекет етуші кернеулерді, көтергіш қасиетті анықтау және оны тексеру бұл жерде баяндалған қосымша ережелерді ескерумен 1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.2 Тармағына сәйкес орындалуы тиіс.

**5.3.3.2 Илемдік бойынша шекті күй**

5.3.3.2.1 Тік жіктердің ажырауына көтергіш қасиеті изотропты қабықша үшін секілді анықталауы тиіс (1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.2 Тармағын қараңыз).

5.3.3.2.2 Қосылу құрылымы айналма созылудың күштерін қабылдау үшін қатандық қырын қамтитын жерде, бұл созылудың әсері қырдағы кернеуді анықтаған және айналма созылудың әсері кезінде беріктікті тексеру кезінде ескерілуі тиіс.

### **5.3.3.3 Осьтік қысудың әсері кезінде орнықтылықтың жойылуы**

5.3.3.3.1 Қабырға қатандық қырларысыз қабырға үшін осьтік қысудан орнықтылық жойылуының критерийі бойынша есептеледі, егер қаттылық қабырғаларының қадамы  $2 \cdot \sqrt{g \cdot t}$  асатын болса, мұндағы  $t$  - жергілікті қабырға қалыңдығы

5.3.3.3.2 Егер тік қатандық қырлары  $2 \cdot \sqrt{g \cdot t}$  кем емес қадамымен орналасса, барлық қабырғаның орнықтылығын 5.3.3.3.1 Тармағы бойынша, немесе 1993 -1-6 ҚР ҚН EN талаптарына сәйкес тұтастай құрылымның жаһандық есептік есептеуінің негізінде анықтау қажет.

5.3.3.3.3 Осьтік өысу кезінде қатандық қырларының өзінің орнықтылығы қырлардың құрылымдың шешіміне байланысты 1993-1-1 ҚР ҚН EN немесе 1993-1-3 ҚР ҚН EN (суықтай иілген элементтер) немесе ҚР ҚН EN 993-1-5 ережелерінің негізінде анықталуы тиіс.

5.3.3.3.4 Есептеу кезінде қабықша қабырғасына қатысты қатандық қырының эксцентриситетін ескеру қажет.

### **5.3.3.4 Сыртқы қысымның, ішінара вакуумның немесе желдік әсері кезінде орнықтылықтың жойылуы**

5.3.3.4.1 Қабырға қатандық қырларсыз қабырға сияқты, ссыртқы қысымның әрекетін кезінде орнықтылықты жоюдың сол қағидаты бойынша есептелуі тиіс.

5.3.3.4.2 Егер одан да дәлдірек есептеулер талап етілсе, қатандық қырлардың қималарының ауданы қабықшаның баламалы қалыңдығына кіргізіледі, сонда орнықтылықты жою кернеулерді  $C_{\varphi} = C_{\theta} = E \cdot t$  және  $C_{\varphi\theta} = 0,38 \cdot E \cdot t$  болған кезде 8.3.4.5 Тармағының негізінде анықтауға болады.

### **5.3.3.5 Мембраналық жылжу**

5.3.3.5.1 Егер бункер қабырғасының үлкен бөлігі жылжитатын жүктеменің (эксцентриситетпен толтырған кездегі, сейсмикалық жүктеме және т.б. сияқты) әсерінде болса мембраналық жанама кернеулерден орнықтылықты жою бойынша көтергіш қасиеті қатандық қырларсыз изотропты қабырғалар үшін сияқты анықталуы тиіс (5.3.2.6 Тармағын қар.), сонда көтергіш қасиеттің мәні қатандық қырлардың әсерін ескеру нәтижесінде көбейтілуі мүмкін.

Жылжу кезінде қабықшаның баламалы ұзындығы  $l$  келесі өлшемдердің ең төмен мән ретінде қабылдануы мүмкін:

- сақиналы қатандық қырлардың арасындағы арақашықтық;
- цилиндрдің шеттері арасындағы арақашықтық;

— тік қатаңдық қырлардың арасындағы горизонталь бойынша еселенген арақашықтық, әр қатаңдық қырдың тік жазықта (айналма өсіне қатысты) иілу кезінде июші қаттылығы  $EI_y$  келесіден төмен емес шартымен:

$$EI_{y,\min} = k_s \cdot E \cdot t^3 \cdot \sqrt{r \cdot l} \quad (5.59)$$

мұнда  $l$  және  $t$  мәндері орнықтылықты жоюдың одан да сыншы нысаны үшін сияқты қабылданады;

$$k_s = 0,10.$$

5.3.3.5.2 Егер жеке қатаңдық қыры қабықшаның үстінгі шетінің бағытында күрт өнделсе, қатаңдық қырдағы әрекет ететін күш  $4,0 \cdot \sqrt{r \cdot t}$  аспайтын ұзындықта қабықша бойынша үлестіріледі.

5.3.3.5.3 Егер қатаңдық қырлар 5.3.3.5 (2) Тармағында көрсетілгендей өнделсе, немесе қабықшаға жергілікті күштерді жіберу үшін қолданылса, қаттылық қыры мен қабықша арасындағы жылжу күшін жіберген кездегі көтергіш қасиеті жанама кернеулерді сызықтық үлестіру үшін 5.3.2.6 Тармағында келтірілген мәндерден аспауы тиіс.

### 5.3.4 Көлденең кеңірдектелген қабырғалар

#### 5.3.4.1 Жалпы ереже

5.3.4.1.1 Барлық есептеулер жамылғыларды және тозуға рұқсаттың ескеруісіз табақшалардың қалыңдығымен орындалуы тиіс.

5.3.4.1.2 Қабырғаның кеңірдектелген табақшасының минималды қалыңдығы болат 1993-1-3 ҚР ҚН EN талаптарына сәйкес келуі тиіс. Бұрандама қосылыстары бар құралымдарда бұрандамалардың диаметрі М8 аз болмауы тиіс.

5.3.4.1.3 Егер цилиндрлік қабырға көлденең кеңірдектері және қабырғаға бекітілген тік қатаңдық қырлары бар кеңірдектелген табақшадан жасалса, кеңірдектелген қабырға тік жүктемені көтергіш ретінде қарастырылуы тиіс, егер қабырға ортотропты қабықша ретінде қабылданбаса (5.3.4.3.3 Тармағын қар.).

5.3.4.1.4 Ерекше назарды қатаңдық қырлар мен қаптау арасындағы қосу элементтердің қабырғаға перпендикулярлы меридиональды жазықтықтағы иілісті қабылдау үшін жеткілікті өлшемдердің болғанын қамтамасыз етуге аударған жөн, өйткені қырлардың иілгіш кесілмейтіндігі сыртқы қысымның, желдің әрекетін кезінде, сонымен қатар сусымалы сақталатын материалдың қозғалуы кезінде орынқтылықты қамтамасыз ету үшін қажет.

5.3.4.1.5 Егер қабырға тік қатаңдық қырлармен бекітілген болса, қаптау табақшалары мен қатаңдық қырлар арасындағы қосқыш элементтердің өлшемдері сақталатын материалдан қатаңдық қырларға әрекет ететін жанама жүктемдерді (үйкеліс күшін) жіберуге жеткілікті болуы тиіс. Қаптау табақшаларының қалыңдығы қосқыш элементтердің жергілікті бұзылуы болмайтындай тааңдалуы тиіс, сонымен қатар қосылыстардың кеңірдектелген табақшаларға беріктігінің төменбеуін ескеру қажет.

5.3.4.1.6 Есептік тең әсерлі кернеулерді, көтергіш қасиетті анықтау және оны тексеру 5.3.2 Тармағына сәйкес, 5.3.4.1.1 – 5.3.4.1.5 Тармақтарында айтылған қосымша ережелердің ескеруімен орындалуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Бункерлердің кеңірдектелген қабықшаларды есептеу туралы толығырақ ақпарат D Қосымшасында келтірілген анықтамалық деректерде берілген.


### 5.3.4.2 Икемділік бойынша шекті күй

5.3.4.2.1 Жеке панельдерді қосу үшін бұрандамалар 1993 ҚР ҚН EN-1-8 талаптарын қанағаттандыруы тиіс.


5.3.4.2.2 Панельдерді өзара бекіту элементтері созылудағы немесе қысудағы қосылыстар үшін 1993-1-3 ҚР ҚН EN талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.3.4.2.3 Шеңбердің периметрі бойынша панельдерді бекітудің көршілес элементтердің арасындағы қадам шеңбердің  $3^\circ$  аспауы тиіс.

Тік қатандық қырларды қабырғада орналастыру әдістері осы нұсқаулықтың 8.3 Суретінде көрсетілген. Панельдердің қосылыстарындағы бұрандамалардың типтік орналасуы 1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.4 Суретінде көрсетілген.



5.3 Сурет – Көлденең кеңірдектер бар қабықшаларда тік қатандық қырларды орналастыру сұлбалары



5.4 Сурет – Бункердің кеңірдектелген панелінде бұрандамаларды орналастыру сұлбасы

5.3.4.2.4 Егер қабырғада люктер, есіктер, транспортердің шнектері және басқа құрылғылар үшін өтпелі тесіктер жасалса, бұл жерлерде қатаңдыққа сәйкессіздікпен ассоциацияланатын жергілікті кернеудің шоғырландыру факторлары жергілікті үзіліске әкелмейтінін кепілдеу үшін қалыңдығы көбірек кеңірдектелген табақша пайдалануы тиіс.

#### 5.3.4.3 Өстік қысудың әрекеті кезіндегі орнықтылықты жою

##### 5.3.4.3.1 Жалпы ереже

5.3.4.3.1.1 Өстік қысу кезіндегі есептік көтергіш қасиеті шеңбер бойынша қысу кернеулерді біркелкі үлестірген кезде кепілденген ішкі қысымның  $p$  мәнін қолданумен құрылыс құралымдарды жасауға рұқсат ету сапалардың алдын ала жазылған тобы үшін анықталуы тиіс.

5.3.4.3.1.2 Егер жазық кеңірдектелген қабырға тік қатаңдық қырларымен бекітілген болса, қабырғаның орынқтылығын есептеу екі баламалы әдістердің біреуімен орындалуы тиіс:

а) 5.3.4.3.3 Тармағына сәйкес баламалы ортотропты қабықшаның орынқтылығын жоюды есептеу, егер қатаңдық қырлар арасындағы көлденең бойынша арақашықтық 8.3.4.3.3 2) Тармағының талаптарын қанағаттандырмаса;

б) 5.3.4.3.4 Тармағының талаптарына сәйкес кеңірдектелген қабырға қысудың өстік күштерін қабылдамайды, бірақ қырлар үшін бекітуді қамтамасыз етеді болжамда қатаңдықтың жеке қырларының орынқтылығын жоюын есептеу, егер көлденең бойынша қаттылық қабырғаларының қадамы 5.3.4.3.3(2) Тармағының талаптарын қанағаттандырмаса.

##### 5.3.4.3.2 Қатаңдық қырларсыз қабырға

1) Егер кеңірдектелген қабықшаның тік қатаңдық қырлары болмаса, иілімділік кезеңіндегі жергілікті орнықтылықты жою бойынша көтергіш қабілеттің сипаттамалық мәнін келесі мәндердің ең үлкенін сияқты анықтаған жөн:

$$n_{x,Rk} = \frac{t^2 \cdot f_y}{2 \cdot d} \quad (5.60)$$

және

$$n_{x,Rk} = R_\phi \cdot \frac{t}{r} \cdot f_y \quad (5.61)$$

мұнда  $t$  - табақшаның қалыңдығы;

$d$  - кеңірдектің жотасы мен ойпаты арасындағы арақашықтық;

$R_\phi$  - кеңірдектің жергілікті қисықтығы (4.2 Суретін қар.);

$r$  - цилиндрдің радиусы.

Иілімділік кезеңіндегі жергілікті орнықтылықты жою бойынша көтергіш қасиеті  $n_{x,Rk}$  ішкі қысымнан  $p_n$  тәуелсіз қабылданады.

ЕСКЕРТПЕ Иілімділік кезеңіндегі жергілікті орнықтылықты жою бойынша көтергіш қасиеті – бұл үзіліске немесе бұратылуға кеңірдектің көтергіш қасиеті.

2) Иілімділік кезеңіндегі жергілікті орнықтылықты жою бойынша көтергіш қасиетінің есептік мәнін кеелсі формула анықтаған жөн:

$$n_{x,Rd} = \alpha_x \cdot n_{x,Rk} / \gamma_{M0} \quad (5.62)$$

мұнда  $\alpha_x = 0,80$  - жетілмегендік болған кезде орнықтылықты жоюдың серпінді төмендетуші коэффициенті;

$\gamma_{M0} = 1,0$  - жеке сенімділік коэффициенті.

3) Құралымның барлық нүктелерінде есептік бірдей әрекет етуші кернеулер келесі шартты қанағаттандыруы тиіс:

$$n_{x,Ed} \leq n_{x,Rd} \quad (5.63)$$

#### 5.3.4.3.3 Қатандық қырлары ыар қабырға ортотропты қабықша ретінде

1) Егер қабырға ортотропты қабықша ретінде қарастырылса (1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.4.3.1 Тармағындағы (а) әдісі), әртүрлі өстерге қатысты қаптаманың қаттылығы 1993-4-1 ҚР ҚН EN 4.4 Тармақ бойынша анықталуы тиіс. Қырлардың есебімен нәтижелі қаталдығы біркелкі үлестірілген деп есептеледі. Қабықшаның баламала орта беті жетілмегендік амплитудасы өлшенетін орталық өсі ретінде алынуы тиіс (1993-4-1 ҚР ҚН EN 4.2 Суретін қар.).

2) Горизонтальдар бойынша қатандық қырлар арасындағы арақашықтық  $d_s$  келесіден аспауы тиіс  $d_{s,max}$ :

$$d_{s,max} = k_{dx} \cdot \left( \frac{r^2 \cdot D_y}{C_y} \right)^{0.25} \quad (5.64)$$

мұнда  $D_y$  - кеңірдектерге параллельді қаптаудың ең жіңішке табақшаларының енінің бірлігіне иілгіш қаталдығы;

$C_y$  - кеңірдектерге параллельді қаптаудың ең жіңішке табақшаларының енінің бірлігіне созылу кезіндегі қатандық;

$r$  - цилиндрдің радиусы.

$k_{dx} = 7,4$ .

3) Орнықтылықты жоюдың сыншыл кернеулердің тең әсерлісі  $n_{x,Rcr}$  ортотропты қабықшаның шеңбер ұзындығының бірлігіне (5.3.4.3.1 Тармағындағы (а) әдісі) бункердің әр есептік деңгейінде төмендегі мәнді толқындардың сыншыл айналма саны  $j$  және орнықтылықты жоюдың учаскесінің биіктігі  $l_i$  бойынша минималдандыру арқылы анықталуы тиіс:

$$n_{x,Rcr} = \frac{1}{j^2 \cdot \omega^2} \cdot \left( A_1 + \frac{A_2}{A_3} \right) \quad (5.65)$$

$$A_1 = j^4 \cdot [\omega^4 \cdot C_{44} + 2 \cdot \omega^2 \cdot (C_{45} + C_{66}) + C_{55}] + C_{22} + 2 \cdot j^2 \cdot C_{25} \quad (5.66)$$

мына болған кезде:

$$\begin{aligned} A_2 = & 2 \cdot \omega^2 \cdot (C_{12} + C_{33}) \cdot (C_{22} + j^2 \cdot C_{25}) \cdot (C_{12} + j^2 \cdot \omega^2 \cdot C_{14}) \\ & - (\omega^2 \cdot C_{11} + C_{33}) \times \\ & \times (C_{22} + j^2 \cdot C_{25})^2 - \omega^2 \cdot (C_{22} + \omega^2 C_{33}) \cdot (C_{12} + j^2 \cdot \omega^2 \cdot C_{14})^2 \end{aligned} \quad (5.67)$$

$$A_3 = (\omega^2 \cdot C_{11} + C_{33}) \cdot (C_{22} + C_{25} + \omega^2 \cdot C_{33}) - \omega^2 \cdot (C_{12} + C_{33})^2 \quad (5.68)$$

олардың:

$$\begin{aligned} C_{11} &= C_\phi + \frac{E \cdot A_s}{d_s} & C_{12} &= \nu \cdot \sqrt{C_\phi \cdot C_\theta} \\ C_{14} &= e_s \cdot E \cdot A_s / (r \cdot d_s) & C_{22} &= C_\theta + E \cdot A_r / d_r \\ C_{25} &= \frac{e_r \cdot E \cdot A_r}{r \cdot d_r} & C_{33} &= C_{\phi\theta} \\ C_{44} &= \frac{\left[ D_\phi + \frac{EI_s}{d_s} + \frac{E \cdot A_s \cdot e_s^2}{d_s} \right]}{r^2} & C_{45} &= \frac{\nu \cdot \sqrt{D_\phi \cdot D_\theta}}{r^2} \\ C_{55} &= \frac{\left[ D_\theta + \frac{E \cdot I_r}{d_r} + \frac{E \cdot A_r \cdot e_r^2}{d_r} \right]}{r^2} & C_{66} &= \frac{\left[ D_{\phi\theta} + 0.5 \cdot \left( \frac{G \cdot I_{ts}}{d_s} + \frac{G \cdot I_{tr}}{d_r} \right) \right]}{r^2} \\ \omega &= \frac{\pi \cdot r}{j \cdot l_i} \end{aligned}$$

мұнда  $l_i$  - тік бағытта орнықтылықты жоюдың мүмкін нысанның толқын ұзындығының жартысы;

$A_s$  - бойлық (тік) қатандық қырдың (стрингердің) көлденең қимасының ауданы;

$I_s$  - тік жазықта иілу кезінде айналма өсіне қатысты бойылық қатандық қырдың инерция сәті;

$d_s$  - тік қатандық қырлар арасындағы арақашықтық;

$I_{ts}$  - бойлық қатандық қырды біркелкі бұрайдың тұрақтысы;

$e_s$  - орта бетіне қатысты бойылық қатандық қырдың сыртқа бағытталған эксцентриситеті;

$A_r$  - сақиналы қатандық қырдың көлденең қимасының ауданы;

$I_r$  - иілу кезінде айналма бағыттағы (жазық бетте) тік өсіне қатысты сақиналы қатандық қырдың инерция сәті;

$d_r$  - сақиналы қатандық қырлардың арасындағы арақашықтық;

$I_{tr}$  - орта бетіне қатысты сақиналы қатандық қырының біркелкі бұралуының тұрақтысы;

$e_r$  - орта бетіне қатысты сақиналы қатандық қырының сыртқа бағытталған эксцентриситеті;

$C_\phi$  - осьтік бағытта жік созылуы кезіндегі қатандық (4.4.5 және 4.4.7 Тармақтарын қараңыз);

$C_\theta$  - айналма бағытта жік созылуы кезіндегі қатандық (4.4.5 және 4.4.7 Тармақтарын қараңыз);

$D_\phi$  - осьтік бағытта қаптаудың иілуші қатандығы (4.4.6 және 4.4.7 Тармақтарын қараңыз);

$D_\theta$  - айналма бағытта қаптаудың иілуші қатандығы (4.4.6 және 4.4.7 Тармақтарын қараңыз);

$D_{\phi\theta}$  - бұралу кезінде қаптаудың бұралуына иілуші қатандық (4.4.6 және 4.4.7 Тармақтарын қараңыз);

$r$  - бункердің радиус.



1 ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда келтірілген қатаңдық қырларының геометриялық сипаттамалары ( $A$ ,  $I$ ,  $I_t$  және т.б.) қатаңдық қырының өзінің қимасына ғана жатады, яғни қабырға учаскелерін қамтитын есептік қима қарастырылмауы тиіс.

2 ЕСКЕРТПЕ Орнықтылық жойылуының төменгі шекарасы ретінде қатаңдық қырының қаптау қалыңдығы немесе көлденең қимасы өзгертін нүктелерді қабылдау қажет. Бұл нүктелерде әрбір қима үшін орнықтылықты жеке тексеру қажет.

4) Ортотропты қабықшаның  $n_{x,Rd}$  орнықтылығы бойынша есептік көтергіш қасиетін (1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.4.3.1 Тармағындағы (а) тәсілі) келесілерлен ең кіші ретінде анықтау қажет:

$$n_{x,Rd} = \alpha_x \cdot n_{x,Rcr} / \gamma_{M1} \quad (5.69)$$

және

$$n_{x,Rd} = A_{eff} \cdot f_y / (d_s \cdot \gamma_{M0}) \quad (5.70)$$

мұндағы  $\alpha_x$  - жетілмегендік болған кездегі орнықтылық жойылуының берік төмендетуші коэффициенті;

$d_s$  - бойлық қатаңдық қырлары арасындағы қашықтық;

$A_{eff}$  — бойлық қатаңдық қырының есептік көлденең қима ауданы;

$\gamma_{M0} = 1,0$  және  $\gamma_{M1} = 1,1$  - жеке сенімділік коэффициенттері;

$\alpha_x = 0,80$

5) Құрылымның барлық нүктелерінде сыртқы жүктемеден есептік бірдей әрекет етуші кернеулер үшін көтергіш қасиетті қамтамасыз ету шарты орындалуы тиіс:

$$n_{x,Ed} \leq n_{x,Rd} \quad (5.71)$$

#### 5.3.4.3.4 Осьтік қысу күштерін толықтай қабылдайтын қатаңдық қырларымен қабырға

1) Кеңірдектелген қаптай осьтік қысу күштерін қабылдамайды деп алынса (1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.4.3.1 Тармағындағы (б) тәсілі), бұл қаптау тек қабырға жазығында орнықтылық жойылуынан бойлық қабырғаларды бекітуді қамтамасыз ететінін білдіреді. Орнықтылық бойынша көтергіш қасиеті бұл жағдайда екі баламалы тәсілдің біреуімен анықталады:

а) қабырғаға перпендикуляр бағытта орнықтылыққа қаптаудың қолдаушы әсері ескерілмесе;

б) қабырғаға перпендикуляр бағытта орнықтылыққа қаптаудың қолдаушы әсері ескерілсе.

2) 1 Тармағы бойынша (а) тәсілін қолданған кезде жеке қатаңдық қырының көтергіш қасиеті орталықтан тыс қысу болған кездегі көтергіш қасиеті ретінде қабылдануы мүмкін. Орнықтылық бойынша есептік көтергіш қасиеті  $N_{b,Rd}$  мына формуламен анықталады

$$N_{b,Rd} = \frac{\chi \cdot A_{eff} \cdot f_y}{\gamma_{M1}} \quad (5.72)$$

мұндағы  $A_{eff}$  - қатаңдық қырының есептік көлденең қима ауданы.

Төмендетуші коэффициентті  $\chi$  қиманың пішініне байланыссыз орнықтылық жойылуының  $s$  қисығын пайдаланумен бункердің қабырғасына перпендикуляр (шеңбер оське қатысты) орнықтылық жойылуының иілуші түрі үшін 1993-1-1 ҚР ҚН EN бойынша анықтау қажет (жетілмегендіктер коэффициенті  $\alpha = 0,49$ ). Төмендетуші коэффициентті  $\chi$  анықтау үшін қолданылатын қысылған тіреудің есептік ұзындығы көршілес сақиналы қатандық қырлары арасындағы қашықтыққа тең деп алынады.

3) Егер қабырғамен жасалатын орнықтылық жойылуынан қатандық қырының берік бекітілуі есепке алынса, келесі шарттар орындалуы тиіс:

а) берік бекітуді қамтамасыз ететін қабырға бөлігінің ұзындығы қырларда қабырғаның топсалы бекітілуімен, есептік қырға жанасатын екі қатандық қырлары арасында қабырғаның ұзындығына тең болуы тиіс (1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.5 Суретін қараңыз);

б) сақталатын сусымалы материалдың ілінісу күшінің нәтижесіндегі мүмкін қатандық есепте ескерілуі тиіс.

4) Егер неғұрлым дәл сандық есептеулер орындалмаса, орнықтылық жойылуының шекті күшін (көтергіш қасиеті)  $N_{b,Rd}$  келесі формулалар бойынша екі мәннен ең кіші ретінде, барлық деңгейлерде көлденең қима бойынша қысу кернеулерінің біркелкіліксіздігіне қарай анықтау қажет:

$$N_{b,Rd} = 2 \cdot \frac{\sqrt{E I_y \cdot K}}{\gamma_{M1}} \quad (5.73)$$

$$N_{b,Rd} = \frac{A_{eff} \cdot f_y}{\gamma_{M1}} \quad (5.74)$$

мұндағы  $E I_y$  - қабырға жазығынан иілу кезінде қатандық қырының иілуші қатандығы ( $\text{Нмм}^2$ );

$K$  – тік қатандық қырлары арасындағы аралықта табақтық қаптаудың иілуші қатандығы (қабырға иіктігінің мм- не Н/мм) (8.5 Суретті қараңыз);

$A_{eff}$  - қатандық қырының есептік көлденең қима ауданы.

5)  $K$  қабықша табағының иілуші қатандығы келесі мүмкіндерге байланысты анықталуы тиіс: қаптау аралығы есептелетін қырға жанасатын қатандық қырлары арасындағы қашықтыққа тең; табақтың шеттері қатандық қырларына еркін сүйенілген (1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.5 Суретті қараңыз).  $K$  мәнін бағалауды мына формуламен орындауға болады:

$$K = k_s \cdot \frac{D_y}{d_s^3} \quad (5.75)$$

мұндағы  $D_y$  - айналма бағытта иілу кезінде табақтық қаптаудың иілуші қатандығы;


$d_s$  - қатандықтың тік қырлары арасындағы қашықтық.

$k_s = 6$ .

Егер кеңірдектің доға тәрізді немесе синусоидты конфигурациясы болса,  $D_y$  мәнін 4.4.6 Тармағы бойынша қабылдауға болады. Егер басқа қимады кеңірдектер қолданылса айналма бағытта, майысатын иілу кезіндегі қаттылық бастапқы қағидалардың негізінде анықталуы тиіс.

6) Қатандық қырының барлық нүктелерінде орнықтылық бойынша есептік көтергіш қасиеті (шекте күштің мәні) мына шартты қанағаттандыруы тиіс:

$$N_{b,Ed} \leq N_{b,Rd} \quad (5.76)$$



**5.5 Сурет - Орнықтылық жойылуынан қаптаумен қатаңдық қырын бекіту деңгейін анықтау**

#### **5.3.4.4 Қатаңдық қырларының жергілікті, деформациялық және иілуші айналушы бұзылуы**

Қатаңдық қырларының көтергіш қасиеті жергілікті және деформациялық бұзылулары кезінде, сондай-ақ орнықтылық жойылуының иілуші айналушы пішіні кезінде 1993-1-3 ҚР ҚН EN- ге сәйкес анықталуы тиіс (суықтай майысқан құрылымдар).

#### **5.3.4.5 Сыртқы қысымның, ішінара вакуумның немесе желдің әсері кезінде орнықтылықты жою**

5.3.4.5.1 Баламалы мембраналы және иілуші сәттерді 4.4 Тармағына сәйкес анықтау қажет.

5.3.4.5.2 Сақиналы және бойлық қатаңдық қырларының иілу кезіндегі және созу кезіндегі параметрлері, сондай-ақ сыртқа бағытталған қабықша қабырғасының орта бетіне қатысты ортасының жылжу эксцентриситеті қатаңдық қырлары арасындағы  $d_s$  қашықтықтың негізінде анықталуы тиіс.

5.3.4.5.3 Көлденең жазықтықта  $d_s$  қатаңдық қырларының арасындағы қашықтық мына формуламен анықталатын  $d_s$  мәнінен аспауы тиіс:

$$d_{s,max} = k_{d\theta} \cdot \left( \frac{r^2 \cdot D_y}{C_y} \right)^{0.25} \quad (5.77)$$

мұндағы  $D_y$  - қаптаудағы ең жұқа табақтың, кеңірдектеріне параллель ен бірлігіне иілуші қатаңдық;

$C_y$  - қаптаудағы ең жұқа табақтың, кеңірдектеріне параллель ен бірлігіне созылу кезіндегі қатаңдық;

$r$  - цилиндрдың радиусы.

$k_{d\theta} = 7,4$ .

5.3.4.5.4 Біркелкі ішкі қысым үшін орнықтылық жойылуының шекті кернеулері  $p_{n,Rcru}$  шеңбер толқындық санға  $j$  қатысты келесі ұғымды минималдау арқылы анықталуы тиіс (шеңбер бойынша орнықтылық жойылуының толқындар саны):

$$p_{n,Rcru} = \frac{1}{r \cdot j^2} \cdot \left( A_1 + \frac{A_2}{A_3} \right) \quad (5.78)$$

$$A_1 = j^4 \cdot [\omega^4 \cdot C_{44} + 2 \cdot \omega^2 \cdot (C_{45} + C_{66}) + C_{55}] + C_{22} + 2 \cdot j^2 \cdot C_{25} \quad (5.79)$$

кезінде:

$$A_2 = 2 \cdot \omega^2 \cdot (C_{12} + C_{33}) \cdot (C_{22} + j^2 \cdot C_{25}) \cdot (C_{12} + j^2 \cdot \omega^2 \cdot C_{14}) - (\omega^2 \cdot C_{11} + C_{33}) \times \quad (5.80)$$

$$\times (C_{22} + j^2 C_{25})^2 - \omega^2 \cdot (C_{22} + \omega^2 \cdot C_{33}) \cdot (C_{12} + j^2 \cdot \omega^2 \cdot C_{14})^2$$

$$A_3 = (\omega^2 \cdot C_{11} + C_{33}) \cdot (C_{22} + C_{25} + \omega^2 \cdot C_{33}) - \omega^2 \cdot (C_{12} + C_{33})^2 \quad (5.81)$$

кезінде:

$$C_{11} = C_\phi + \frac{E \cdot A_s}{d_s} \quad C_{12} = v \cdot \sqrt{C_\phi \cdot C_\theta}$$

$$C_{14} = \frac{e_s \cdot E \cdot A_s}{r \cdot d_s} \quad C_{22} = C_\theta + \frac{E \cdot A_r}{d_r}$$

$$C_{25} = \frac{e_r \cdot E \cdot A_r}{r \cdot d_r} \quad C_{33} = C_{\phi\theta}$$

$$C_{44} = \frac{\left[ D_\phi + \frac{E \cdot I_s}{d_s} + \frac{E \cdot A_s \cdot e_s^2}{d_s} \right]}{r^2} \quad C_{45} = \frac{v \cdot \sqrt{D_\phi \cdot D_\theta}}{r^2}$$

$$C_{55} = \frac{\left[ D_\theta + \frac{E \cdot I_r}{d_r} + \frac{E \cdot A_r \cdot e_r^2}{d_r} \right]}{r^2} \quad C_{66} = \frac{\left[ D_{\phi\theta} + 0.5 \cdot \left( \frac{G \cdot I_{ts}}{d_s} + \frac{G \cdot I_{tr}}{d_r} \right) \right]}{r^2}$$

$$\omega = \frac{\pi \cdot r}{j \cdot l_i}$$

мұндағы —  $l_i$ ,  $r$ ,  $A_s$ ,  $I_s$ ,  $I_{ts}$ ,  $d_s$ ,  $e_s$ ,  $A_r$ ,  $I_r$ ,  $I_{tr}$ ,  $d_r$  және  $e_r$  1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.4.3.3

3 Тармағында анықталған мәндері бар.

5.3.4.5.5 Егер қатандық қырлары немесе табақтық қаптау қабырға биіктігімен өзгерсе, ең әлсіреген учаскені анықтау үшін  $l_i$  орнықтылық жойылуының аймақ ұзындығымен бірнеше мүмкін учаскелерді қарастыру қажет. Бұнымен қоса орнықтылық жойылуы учаскесінің жоғарғы шегі ең жұқа табақтық қаптаумен аймақтың ұшында болатынын ескеру қажет.

ЕСКЕРТПЕ Егер неғұрлым қалың қаптауымен аймақ ең жұқа қаптаумен аймақтан жоғары орналасса, орнықтылық жойылуының ықтимал учаскесінің жоғарғы шегі не ең жұқа аймақтың төбесінде, немесе қабырғаның төбесінде қалуы мүмкін.

5.3.4.5.6 Егер неғұрлым дәл есептеулер орындалмаса, жоғарыда келтірілген есептеулерде алынған қалыңдық табақтың қаптаудың ең жұқа бөлігінің қалыңдығына қабылдануы тиіс.

5.3.4.5.7 Егер бункердің қақпағы болмаса және онда желдің әсерінен орнықтылықты жою мүмкін болса, жоғарыда келтірілген есептеулерде алынған қысымның мәні 0,6 коэффициентіне көбейту арқылы азайтылуы тиіс.

5.3.4.5.8 Қабырға үшін орнықтылық жойылуының есептік кернеулері  $C_b = C_w = 1,0$  және  $\alpha_n = 0,5$  кезінде 1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.2.5 Тармағында келтірілген әдістеме бойынша анықталуы тиіс, орнықтылық жойылуының  $p_{n,Rcr}$  шекті мәні 1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.4.5.4 Тармағынан алынуы тиіс.

#### **5.3.4.6 Мембраналы жанама кернеулер**

Мембраналы жанама кернеулердің әсері кезінде қабықшаның орнықтылығы 1993 -1-6 ҚР ҚН EN 8.5 Тармақ ережелерін қолданумен анықталуы тиіс.

#### **5.3.5 Сақиналы қатандық қырларымен тік кеңірдектелген қабырғалар**

##### **5.3.5.1 Жалпы ереже**

5.3.5.1.1 Егер цилиндр қабырға тігінен орналасқан кеңірдекпен кеңірдектелген табактан дайындалған болса, келесі екі шарт орындалуы тиіс:

- а) кеңірдектелген қабырға көлденең күштерді қабылдамайды деп алынады.
- б) кеңірдектелген табактық қаптаудың аралығы көршілес сақиналы қырлардың орталары арасындағы қашықтық болып табылады, бұнымен қоса қаптау кесілмеген болып алынады.

5.3.5.1.2 Қаптау бөліктерінің жалғаулары өзара иілу кезінде есептеуде қабылданған қаптаудың келісілмеушілігін қамтамасыз ететіндей есептелуі тиіс.

5.3.5.1.3 Сусымалы қатты материалдың қабырғаға үйкелу күшінің әсерімен туындайтын қабырғадағы осьтік қысу күшін есептеу кезінде кеңірдек профилінің пішінін ескерумен, бункердің толық шеңбері ескерілуі тиіс.

5.3.5.1.4 Егер кеңірдектелген қаптау базада тірек бекітуге дейін жетсе, радиусты бекітумен шекаралық жағдайлардың болжамында бекіту жанында қаптаудың жергілікті икемділігі ескерілуі тиіс.

5.3.5.1.5 Есептік бірдей әрекет етуші кернеулерді және көтергіш қасиетті анықтау, сондай-ақ көтергіш қасиетті тексеруді орындау 5.3.2 Тармағына сәйкес, бірақ 5.3.5.2 – 5.3.5.5 Тармақтарында баяндалған қосымша ережелерді ескерумен анықталуы тиіс.

##### **5.3.5.2 Илемдік бойынша шекті күй**

5.3.5.2.1 Илемдік бойынша шекті күйді тексерген кезде кеңірдектелген қабырға жазық айналма күштерді қабылдамайды деп алынады.

5.3.5.2.2 Сақиналы қатандық қырлары арасындағы қашықтық сақиналарды орнату жерлеріндегі қабырға кесілмейтін деген болжамға сүйеніп, кеңірдектелген кескіннің көлденең қимасының иілуіне есептің негізінде, және әр түрлі мөлшерлері бар сақиналы қырлардың тарамдалған әр түрлі деформацияларын ескерумен анықталады. Иілуден кернеулер осьтік қысу кезінде орнықтылықты тексеру кезінде осьтік қысудан кернеумен қосылуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Тік жазықтықта иілуге қаптауды есептеуді қаптауды сақиналарды орнату жерлерінде берік тіреулерге кесілмейтін арқалық ретінде қарастыра отырып орындауға болады. Әрбір тіреудің сұйықтығы тарамдалған жүктемелердің әсері кезінде сақинаның қатандығы бойынша анықталады.

5.3.5.2.3 Көлденең күштерді қабылдауға есептелген сақиналы қатаңдық қырларының мөлшерлері қырдың қимасына байланысты 1993-1-1 ҚР ҚН EN немесе 1993-1-3 ҚР ҚН EN талаптарына сәйкес келуі тиіс.

#### **5.3.5.3 Осы тік қысу кезінде орнықтылықты жою**

Қабырға иілуіндегі орнықтылық жойылуының шекті кернеулері 1993-1-3 ҚР ҚН EN ережелерін қолданумен анықталуы тиіс (суықтай бүгілген кескіндер үшін). Кеңірдектелген қаптаудың көлденең қимасы сақиналы қатаңдық қырлары арасындағы тіреудің қимасы ретінде қарастырылуы тиіс. Тіреудің есептік ұзындығын көршілес сақиналардың көлденең қимасының ауырлық орталықтары арасындағы қашықтықтан кем алмау қажет.

#### **5.3.5.4 Сыртқы қысымнан, ішінара вакуумнан немесе желден орнықтылықтың жойылуы**

Сыртқы қысымның әсері кезінде есептік расчетная көтергіш қасиеті көлденең кеңірдектелген бункерлердегідей (1993-4-1 ҚР ҚН EN 5.3.4.5 Тармағын қараңыз), бірақ 1993-4-1 ҚР ҚН EN 4.4.7 Тармағында белгіленгендей кеңірдектің бағдарлануының өзгерісін ескерумен анықталуы тиіс.

#### **5.3.5.5 Мембраналы жанама кернеулер**

Мембраналы жанама кернеулердің әсері кезінде көтергіш қасиеті көлденең кеңірдектерімен (5.3.4.6 Тармақты қараңыз) бункерлердегідей анықталуы тиіс.

1 МЫСАЛ Бункердің изотропты қабырғасын есептеу

1 Бастапқы деректер

1.1 Бункердің параметрлері

Радиусы  $r = 2,25\text{ м}$ , құйғыш конусының төбесіндегі жарты бұрыш  $\beta = 30^\circ$ ; цилиндр бөліктің биіктігі  $h_c = 6,5\text{ м}$ , бункер диаметрі  $d_c = 2 \cdot r = 2 \times 2,25 = 4,5\text{ м}$ . Бункердің сұлбасы 1 Суретте келтіріледі.


Бункердің ішкі көлденең қимасының ауданы  $A = \pi \cdot r^2 = 3,14 \times 2,25^2 = 15,904\text{ м}^2$ .

Силостың көлденең қимасының периметрі  $U = 2 \cdot \pi \cdot r = 2 \times 3,14 \times 2,25 = 14,137\text{ м}$ .

Толтыру асимметриясының коэффициенті  $e_f = 0,1 \cdot d_c = 0,1 \times 4,5 = 0,45$ .

Шығыс тесіктің асимметрия коэффициенті  $e_0 = 0 \cdot d_c = 0$ .

Бункер құрылымдарының материалы  $f_y = \delta_T = 235\text{ Н/мм}^2$  (МПа) аққыштық шегімен және  $f_u = \delta_B = 360\text{ Н/мм}^2$  (МПа) уақыттық кедергілесумен МемСТ 27772-88 бойынша С236 болат.



1 Сурет – Бункердің сұлбасы

## 1.2 Бункердің сипаттамалары

- көлемі 124 м<sup>3</sup>;
- сыйымдылығы – 205 т;
- зардаптар тобы – 1993-4-1 ҚР ҚН EN бойынша 2 ;
- бункер – о 1991-4 ҚР ҚН EN бойынша орта икемділікті;
- жауапкершілік тобы – 1991-4 ҚР ҚН EN бойынша 2.

## 2 Жүктемелер жинау

## 2.1 Жүктемелерді есептеу шарттары:

а) Түсірілетін материалдың ағыны ішінде болатындықтан – тік қабырғаларға түсіру қысымын ескермейміз (ҚР ҚН EN 1991-4 3.3 (4) Тармағы). ҚР ҚН EN 1991-4 5.3.2.1(3),(4) Тармағы бойынша жүк түсірі қысымы (ҚР ҚН EN 1991-4 5.82 және 5.83 Формула):

$$p_{he} = C_h \cdot p_{hf} ;$$

$$p_{we} = C_w \cdot p_{wf} .$$

б) Түсіру симметриялы – толтыру эксцентриситетін ескермейміз.

в) Түсіру тесігі симметриялы – түсіру эксцентриситетін ескермейміз.

г) Силосқа сүйенетін жабдық орнатылмаған.


д) Бункер жайдан тыс орнаалқан – желдің қысымын ескереміз.

е) Құйғыш түрі – домалақ.

## 2.2 Қысымдарды есептеу

Қалыпты және жанама қысымдарды есептеу 5 жүктеме режимдері үшін 1991-4 ҚР ҚН EN бойынша орындалған. Ең үлкен қысымдарды цилиндр бөлік пен құйғыш үшін сәйкесінше, 1 және 3 режимдері жасайды. Қысымдарды есептеу нәтижелері 2 Суретте және 1 мен 2 Кестелерінде

берілген, бункер 2 жауапкершілікті топтан болғандықтан, 1991-4 ҚР ҚН EN 5.2.3 Тармағы бойынша бүйірлік жергілікті жүктеме ескерілген.



2 Сурет– Қабырға мен құйғышқа есептік қысым (жүктеме режим 1)


1 Кесте– Бункер қабырғасына қысымның сипаттамалық мәндері , кПа

		Цилиндрдың жоғарғы шетінен қашықтық							
Құр.	Қысым	0,50	1,50	2,50	3,50	4,00	5,00	6,00	6,50
Жүктеме режим 1									
2	Phe	5,93	16,25	22,76	27,18	28,89	31,64	33,73	34,59
	Pwe	2,62	7,19	10,06	12,02	12,78	13,99	14,91	15,30
Жүктеме режим 3									
2	Phe	4,26	12,51	18,34	22,65	24,40	27,32	29,64	30,63
	Pwe	1,89	5,53	8,11	10,01	10,79	12,08	13,11	13,54




2 Кесте – Бункер қабырғасына қысымның сипаттамалық мәндері , кПа

		Құйғыш төменінен қашықтық							
Құр.	Қысым	0,00	0,40	0,80	1,00	1,60	2,00	2,80	3,38
		Жүктеме режим 1							
2	Pne	18,41	27,69	34,89	37,89	44,96	48,34	52,49	53,65
	Pte	7,92	11,91	15,00	16,29	19,33	20,78	22,57	23,06
		Жүктеме режим 3							
2	Pne	23,37	35,56	45,27	49,42	59,60	64,79	72,09	75,20
	Pte	10,05	15,29	19,46	21,25	25,62	27,85	30,99	32,33




3 Сурет – Еспетік жартылай тегіс бетті жүктің сұлбасы, кПа

2.2.3 Желдік жүк ҚР ҚН EN 1993-4-1 С Қосымшасы бойынша анықталады. 4,5 Суретте желдің жүктің мағынасы және қосымша сұлбасы



4 Сурет – Желдік жүктің қосымша сұлбасы



5 Сурет – бункердің шеңбері бойынша желдік жүктің сипаттама мағынасы

1.3 Сақталатын сусымалы материалдың қасиеттері.

1.3.1 Материалдың сипаттамалары.

1.3.1.1 Бункерді толтыру материалы– цемент.

1.3.1.2 Материалдың сипаттамалары EN 1991-4 ҚР ҚН EN-ң Е Қосымшасы бойынша алынған.

1.3.1.3 Көлемдік салмағы:

– орта мәні  $\gamma_1 = 13 \text{ кН/м}^3$ ;

– жоғарғы мәні  $\gamma_u = 16 \text{ кН/м}^3$ .

1.3.1.4 Табиғи қисаю бұрышы  $\phi_r = 24^\circ$ .

1.3.1.5 Ішкі сүйкелу бұрышы:

– сипаттамалық мәні  $\phi_{im} = 30^\circ$ ;

– өту коэффициенті  $a_\phi = 1,22$ .

1.3.1.6 Бүйірлік қысым коэффициенті:

– сипаттамалық мәні  $K_m = 0,54$ ;

– өту коэффициенті  $a_K = 1,2$ .

1.3.1.7 Сүйкелу коэффициенті:

– сипаттамалық мәні  $\mu_m = 0,46$ ;

– өту коэффициенті  $a_\mu = 1,07$ .

1.3.1.8 Бүйірлік жүктеменің әсер ету коэффициенті  $C_{op} = 0,5$ .

1.3.2 1991-4 ҚР ҚН EN бойынша әр түрлі жүктеу режимдері үшін материал параметрлерінің сипаттамалық мәні.

1991-4 ҚР ҚН EN 3.1 Кестесіне сәйкес сипаттамалардың әр түрлі есептік мәндерімен сусымалы материалдың әсер етуінің 5 жүктеме режимдері қабылданған

1.3.2.1 Жүктеме режим 1.

Тік қабырғаға минималды қалыпты қысым

$$\mu_1 = \frac{\mu_m}{a_\mu} = \frac{0,46}{1,07} = 0,43$$

$$K_1 = K_m \cdot a_K = 0,54 \times 1,2 = 0,648$$

$$\phi_{i1} = \frac{\phi_{im}}{a_\phi} = \frac{30}{1,22} = 24,59^\circ$$

1.3.2.2 Жүктеме режим 2.

Тік қабырғаға максималды сүйкелу күштері

$$\mu_2 = \mu_m \cdot a_\mu = 0,46 \times 1,07 = 0,492$$

$$K_2 = K_m \cdot a_K = 0,54 \times 1,2 = 0,648$$

$$\phi_{i2} = \frac{\phi_{im}}{a_\phi} = \frac{30}{1,22} = 24,59^\circ$$

1.3.2.3 Жүктеме режим 3.

Құйғышқа максималды тік қысым

$$\mu_3 = \frac{\mu_m}{a_\mu} = \frac{0,46}{1,07} = 0,43$$

$$K_3 = \frac{K_m}{a_K} = \frac{0,54}{1,2} = 0,45$$

$$\phi_{i3} = \phi_{im} \cdot a_\phi = 30 \times 1,22 = 36,6^\circ$$

1.3.2.4 Жүктеме режим 4.

Толтырылған бункерде құйғыш қабырғасына максималды қысым

$$\mu_4 = \mu_m \cdot a_\mu = 0,46 \times 1,07 = 0,492$$

$$K_4 = \frac{K_m}{a_K} = \frac{0,54}{1,2} = 0,45$$

$$\phi_{i4} = \frac{\phi_{im}}{a_\phi} = \frac{30}{1,22} = 24,59^\circ$$

1.3.2.5 Жүктеме режим 5.

Толтырылған бункерді босатқан кезде құйғыш қабырғасына максималды қысым

$$\mu_5 = \frac{\mu_m}{a_\mu} = \frac{0,46}{1,07} = 0,43$$

$$K_5 = K_m \cdot a_K = 0,54 \times 1,2 = 0,648$$

$$\phi_{i5} = \phi_{im} \cdot a_\phi = 30 \times 1,22 = 36,6^\circ$$

1.3.2.6 Барлық есептік жағдайлар үшін көлемдік салмағы максималды деп алынады.

2 Жүктемелер жинау

2.1 Жүктемелерді есептеу шарттары:


а) Түсірілетін материалдың ағыны ішінде болатындықтан – тік қабырғаларға түсіру қысымын ескермейміз.

б) Түсіру симметриялы– толтыру эксцентриситетін ескермейміз.

- в) Түсіру тесігі симметриялы – түсіру эксцентриситетін ескермейміз.
- г) Силосқа сүйенетін жабдық орнатылмаған.
- д) Бункер жайдан тыс орнаалсаң – желдің қысыны ескереміз.
- е) Құйғыш түрі – домалақ.

## 2.2 Қысымдарды есептеу

Қалыпты және жанама қысымдарды есептеу 5 жүктеме режимдері үшін 1991-4 ҚР ҚН ЕН бойынша орындалған. Ең үлкен қысымдарды цилиндр бөлік пен құйғыш үшін сәйкесінше, 1 және 3 режимдері жасайды. Қысымдарды есептеу нәтижелері 2 Суретте және 1 мен 2 Кестелерінде берілген, бункер 2 жауапкершілікті топтан болғандықтан, 1991-4 ҚР ҚН ЕН 5.2.3 Тармағы бойынша бүйірлік жергілікті жүктеме ескерілген.



2 Сурет– Қабырға мен құйғышқа есептік қысым (жүктеме режим 1)

1 Кесте– Бункер қабырғасына қысымның сипаттамалық мәндері , кПа

		Цилиндрдың жоғарғы шетінен қашықтық							
Құр.	Қысым	0,50	1,50	2,50	3,50	4,00	5,00	6,00	6,50
		Жүктеме режим 1							
2	Phe	5,93	16,25	22,76	27,18	28,89	31,64	33,73	34,59
	Pwe	2,62	7,19	10,06	12,02	12,78	13,99	14,91	15,30
		Жүктеме режим 3							
2	Phe	4,26	12,51	18,34	22,65	24,40	27,32	29,64	30,63
	Pwe	1,89	5,53	8,11	10,01	10,79	12,08	13,11	13,54

**2 Кесте – Бункер қабырғасына қысымның сипаттамалық мәндері , кПа**

		Құйғыш төменінен қашықтық							
Құр.	Қысым	0,00	0,40	0,80	1,00	1,60	2,00	2,80	3,38
		Жүктеме режим 1							
2	Pne	18,41	27,69	34,89	37,89	44,96	48,34	52,49	53,65
	Pte	7,92	11,91	15,00	16,29	19,33	20,78	22,57	23,06
		Жүктеме режим 3							
2	Pne	23,37	35,56	45,27	49,42	59,60	64,79	72,09	75,20
	Pte	10,05	15,29	19,46	21,25	25,62	27,85	30,99	32,33

**2.3 Жүктемелердің үйлесуі**

Әсерлердің есептік комбинациялары мен  $\psi_{o,i}$  коэффициенттері 1991-4 ҚР ҚН EN негізінде алынған (3 Кестені қараңыз).  $\gamma_F$  жүктеме бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенттері 1990 ҚР ҚН EN А Қосымшасының негізінде анықталған.

**3 Кесте – Әсерлердің есептік комбинациялары**

Белгі ленуі	Жүктемелер құрамы	Жүктеме түрі	Жүктеме бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенттері $\gamma_F$	$\psi_{o,i}$
D	Сусымалы материалды түсіру	Q1	1,50	—
	Меншікті салмақ	G	1,35	—
	Жел	Q2	1,5	1,0
WF	Жел	Q1	1,5	—
	Меншікті салмақ	G	1,35	—
	Сусымалы материалды толтыру	Q2	1,5	1,0
WE	Жел	Q1	1,50	—
	Меншікті салмақ	G	1,35	—
	Сусымалы материалды толтыру жоқ	Q2	0,0	0,0

ЕСКЕРТПЕ Кестедегі белгілеулер: G – тұрақты жүктеме, Q1 – негізгі ауыспалы жүктеме, Q2 – ілеспе ауыспалы жүктеме (ауыспалы жүктеме 2).

Есептік күш салудың мәні мына формуламен анықталады (6.9б) 1990 ҚР ҚН EN

$$N_p = \gamma_G \cdot N_G + \gamma_{Q1} \cdot N_{Q1} + \gamma_{Q2} \cdot N_{Q2} \cdot \psi_{o,2}$$

мұндағы  $N_G$  – тұрақты жүктемеден күш салу;

$N_{Q1}$  – негізгі ауыспалы жүктемеден күш;

$N_{Q2}$  – ілеспе ауыспалы жүктемеден күш;

$\gamma_G, \gamma_{Q1}, \gamma_{Q2}, \psi_{o,2}$  – жүктемелер бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенттері.

3 Бірдей әрекет етуші кернеулерді есептеу

3.1 Бірдей әрекет етуші кернеулерді анықтау үшін МКЭ қолданумен домалақ бункерді кеңістіктік есептеу

Бункер 1993-4-1 ҚР ҚН ЕН бойынша 2 жауапкершілік тобына жататындықтан, кернеулерді есептеу қабықшалардың сәттік теориясы бойынша сандық әдістермен орындалған. Бункердің есептік сұлбасы өзара 3.7 м (1 Суретті қараңыз) белгісінде жалғанатын, үш құрылымдық элементтерден (цилиндр, құйғыш және юбка) тұратын кеңістіктік жұқа қабырғалы құрылымды ұсынады. Бункер қабықшасы элементтерін модельдеу КЭ 44 қолданумен жүргізілген (ПК Liga-да қабықшаның әмбебап төрт бұрышты соңғы элементі).

–1 үйлесім – «тұрақты + №1 жүктемелер нұсқасы + жартылай үстірт жүктеме + жел».

–2 үйлесім – «тұрақты + 3 жүктемелер нұсқасы + жартылай үстірт жүктеме + жел».

–3 үйлесім – «тұрақты + жел».

Бункер элементтерінде кернеуді анықтау әрбір үйлесім үшін жүргізілген, бұнымен қоса жүктемелер үйлесімдер коэффициенттерімен бірге бір уақытта берілген.


1 үйлесім бойынша бункердің деформацияланған сұлбасы 7 Суретте келтірілген, 2 үйлесім бойынша – 8 Суретте, 3 үйлесім бойынша - 9 Суретте. Бүйірлік жүктеменің әсерінен бункердің деформацияланған сұлбасы 10 Суретте берілген, желдік жүктеме әсерінен – 11 Суретте.

Статикалық есептеу нәтижелері бойынша қалыпты кернеулер мен бункер элементтерінде иілу сәттері алынған.


Бірінші есептік үйлесімнің жүктеме әсерінен цилиндр қабырғасына қалыпты сақиналы кернеулердің таралуы - 12а Суретте, екінші есептік үйлесімнен таралу 12б Суретте келтірілген. Бірінші есептік үйлесімнің жүктеме әсерінен цилиндр қабырғасына қалыпты меридиональды кернеулердің таралуы - 13а Суретінде, екінші есептік үйлесімнен таралу - 13б Суретте, үшінші есептік үйлесімнен таралу 13в Суретте келтірілген келтірілген. Статикалық есептеу нәтижелері бойынша қабықшадағы қалыпты кернеулер МПа- мен алынған.

### 3.2 Есептің нәтижесі


Статикалық есеп кезінде алынған кернеу мәндерінен (кернеулердің мәндері қабырғаның берілген қалыңдықтары үшін МПа- мен алынған) әрі қарай бункер элементтерінің беріктігі мен орнықтылығын тексеру үшін қолданылатын есептік кернеу мәндеріне өту үшін 4, 5 және 6 Кестелері қалыптастырылған. Көрсетілген кестелерге бункер элементтерінің есептік учаскелеріне максималды кернеулер жазылған. Нәтижелері кернеулерден қабықшаның нақты қалыңдығы кезінде қабықша қалыңдығы сантиметріне кернеулер өту арқылы, қабықшаның кернеулі күйінің құраушылары түрінде берілген.




6 Сурет – Бункердің есептік моделінің бөлігі




7 Сурет– бункердің жүктемелердің бірінші үйлесуінен деформацияланған күйі




8 Сурет – бункердің жүктемелердің екінші үйлесуінен деформацияланған күйі



9 Сурет – бункердің жүктемелердің үшінші үйлесуінен деформацияланған күйі





10 Сурет – бункердің «Бүйірлік жүктемеден» деформацияланған күйі





11 Сурет – бункердің желдік жүктемеден деформацияланған күйі (солға- оңға)

а)




б)




- а) 1 жүктемелердің үйлесуі;  
б) 2 жүктемелердің үйлесуі.

12 Сурет – Цилиндр қабырғасында сақиналы қалыпты кернеулердің таралуы  $p_0$ , МПа





13 Сурет – Цилиндр қабырғасында меридиональды қалыпты кернеулердің таралуы  $\sigma_x$ , МПа:



14 Сурет – Бункер учаскелерінің орналасу сұлбасы

**5 Кесте –2 үйлесім бойынша есептік кернеулер**

учаске №	Кернеуленген күйдің құраушылары					
	$n_{\theta,Ed}$	$m_{\theta,Ed}$	$n_{x,Ed}$	$m_{x,Ed}$	$n_{x\theta,Ed}$	$m_{x\theta,Ed}$
	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см
4	0,521	0,001	0,160	0,001	0,031	$1,3 \times 10^{-4}$
3	0,780	0,001	0,368		0,022	$7,3 \times 10^{-4}$
2	0,928	0,001	0,631	$4,0 \times 10^{-4}$	0,050	$1,1 \times 10^{-4}$
1	1,146	0,011	0,975	0,039	0,069	$3,3 \times 10^{-4}$

**6 Кесте –3 үйлесім бойынша есептік кернеулер**

Учас ке №	Меридиональды кернеу, $n_{x,Ed}$ кН/см
4	0,079
3	0,100
2	0,110
1	0,193

4, 5, 6 Кестелерде келтірілген кернеуленген жағдайдағы құраушылар:

$n_{x,Ed}$  - шеңбер ұзындығының бірлігіне есептік тең әсерлі меридиональды мембраналық қалыпты кернеулер;

$n_{\theta,Ed}$  - қабықша биіктігінің бірлігіне есептік тең әсерлі сақиналы мембраналық кернеулер;

$n_{x\theta,Ed}$  - қабықша енінің бірлігіне есептік тең әсерлі мембраналық жанама кернеулер;

$m_{x,Ed}$  - шеңбер ұзындығының бірлігіне есептік меридиональды июші сәт;

$m_{\theta,Ed}$  - жазық беттегі қабықша биіктігінің бірлігіне есептік сақиналы июші сәт;

$m_{x\theta,Ed}$  - қабықша енінің бірлігіне есептік көлденең айналу сәті;

4 Цилиндрлік қабырғаны есептеу

4.1 Иілімділіктің шекті күйі бойынша есептеу, немесе беріктікке есептеу

4.1.1 Есептеу әдістемесі.

а) Есептеу қабықшалардың сәттік серпінді теориясы бойынша жасалғандықтан (LA), шыққан тең әсерлі негізгі кернеулердің екі өлшемді өрісі тең әсерлі кернеулердің жалған құраушыға айналады (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.2) және (5.3) Формулалары):

$$\sigma_{x,Ed} = \frac{n_{x,Ed}}{t} \pm \frac{m_{x,Ed}}{t^2/4}, \quad \sigma_{\theta,Ed} = \frac{n_{\theta,Ed}}{t} \pm \frac{m_{\theta,Ed}}{t^2/4}, \quad \tau_{x\theta,Ed} = \frac{n_{x\theta,Ed}}{t} \pm \frac{m_{x\theta,Ed}}{t^2/4}$$

мұнда  $n_{x,Ed}$  - шеңбер ұзындығының бірлігіне есептік тең әсерлі меридиональды мембраналық қалыпты кернеулер;

$n_{\theta,Ed}$  - қабықша биіктігінің бірлігіне есептік тең әсерлі сақиналы мембраналық кернеулер;

$n_{x\theta,Ed}$  - қабықша енінің бірлігіне есептік тең әсерлі мембраналық жанама кернеулер;

$m_{x,Ed}$  - шеңбер ұзындығының бірлігіне есептік меридиональды июші сәт;

$m_{\theta,Ed}$  - жазық беттегі қабықша биіктігінің бірлігіне есептік сақиналы июші сәт;

$m_{x\theta,Ed}$  - қабықша енінің бірлігіне есептік көлденең айналу сәті.

б) фон Мизестің келтірілген есептік кернеулерді анықтау (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.4) Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed} = \sqrt{\sigma_{x,Ed}^2 + \sigma_{\theta,Ed}^2 - \sigma_{x,Ed} \cdot \sigma_{\theta,Ed} + 3 \cdot \tau_{x\theta,Ed}^2}$$

в) п құралымдар үшін баламалы есептік кедергі (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.5) Формуласы):

$$f_{e,Rd} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}}$$

мұнда  $\gamma_{M0}$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M0} = 1,00$ .

г) келтірілген тең әсерлі кернеулер бойынша көтергіш қасиетін тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.10) Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed} \leq f_{e,Rd}$$

д) жеке тең әсерлілер бойынша көтергіш қасиеттер

— меридиональды бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.7) Формуласы):

$$n_{x,Rd} = f_u \cdot t / \gamma_{M2}$$

— айналма бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.8) Формуласы):

$$n_{\theta,Rd} = f_u \cdot t / \gamma_{M2}$$

— жанама кернеулер бойынша көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.9) Формуласы):

$$n_{x\theta,Rd} = 0,57 \cdot f_y \cdot t / \gamma_{M0}$$

е) жеке тең әсерлілер бойынша тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.11) және (5.13) Формулалары):

$$n_{x,Ed} \leq n_{x,Rd}, \quad n_{\theta,Ed} \leq n_{\theta,Rd}, \quad n_{x\theta,Ed} \leq n_{x\theta,Rd}$$

4.1.2 Учаскелерді есептеу.

4.1.2.1 4 учаске

а) тең әсерлі кернеулердің жалған құраушылары:

$$\sigma_{x,Ed4} = \frac{n_{x,Ed4}}{t_4} + \frac{m_{x,Ed4}}{t_4^2/4} = \frac{0,192}{0,6} + \frac{0,01}{0,6^2/4} = 0,431 \text{ кН/см}^2$$

$$\sigma_{\theta,Ed4} = \frac{n_{\theta,Ed4}}{t_4} + \frac{m_{\theta,Ed4}}{t_4^2/4} = \frac{0,658}{0,6} + \frac{0,01}{0,6^2/4} = 1,208 \text{ кН/см}^2$$

$$\tau_{x\theta,Ed4} = \frac{n_{x\theta,Ed4}}{t_4} + \frac{m_{x\theta,Ed4}}{t_4^2/4} = \frac{0,031}{0,6} + \frac{1,3 \times 10^{-3}}{0,6^2/4} = 0,066 \text{ кН/см}^2$$

б) фон Мизестің келтірілген есептік кернеулерді анықтау:

$$\sigma_{e,Ed4} = \sqrt{\sigma_{x,Ed4}^2 + \sigma_{\theta,Ed4}^2 - \sigma_{x,Ed4} \cdot \sigma_{\theta,Ed4} + 3 \cdot \tau_{x\theta,Ed4}^2}$$

$$\sigma_{e,Ed4} = \sqrt{0,431^2 + 1,208^2 - 0,431 \times 1,208 + 3 \times 0,066^2} = 1,06 \text{ кН/см}^2$$

в) дәнекерленген құралымдар үшін баламалы есептік кедергі:

$$f_{e,Rd4} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{23,5}{1} = 23,5 \text{ кН/см}^2$$

мұнда  $\gamma_{M0}$  – иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M0} = 1,00$ ;

$f_y$  - кабықша қабырғасы табақшасының аққыштық шегі,  $f_y = 23,5 \text{ кН/см}^2$ .

г) келтірілген тең әсерлі кернеулер бойынша көтергіш қасиетін тексеру:

$$\sigma_{e,Ed4} \leq f_{e,Rd4} \quad 1,06 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} < 23,5 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} \quad \text{Шарт орындалды.}$$

д) жеке тең әсерлілер бойынша көтергіш қасиеттер

— меридиональды бағыттағы көтергіш қасиеті:

$$n_{x,Rd4} = \frac{f_u \cdot t_4}{\gamma_{M2}} = 36 \times 0,6 / 1,25 = 17,28 \text{ кН/см}$$

— айналма бағыттағы көтергіш қасиеті:

$$n_{\theta,Rd4} = f_u \cdot \frac{t_4}{\gamma_{M2}} = 36 \times 0,6 / 1,25 = 17,28 \text{ кН/см}$$

— жанама кернеулер бойынша көтергіш қасиеті:

$$n_{x\theta,Rd4} = 0,57 \cdot f_y \cdot \frac{t_4}{\gamma_{M0}} = 0,57 \times 23,5 \times 0,6/1 = 8,04 \text{ кН/см}$$

мұнда  $f_u$  – созылу беріктігінің шегі,  $f_u = 36 \text{ кН/см}^2$ ;

$\gamma_{M0}, \gamma_{M2}$  – жеке сенімділік коэффициенттері,  $\gamma_{M0} = 1$ ,  $\gamma_{M2} = 1,25$ .

е) жеке тең әсерлілер бойынша тексеру:

$$n_{x,Ed4} \leq n_{x,Rd4}, \quad 0,192 < 17,28 \text{ Шарт орындалды}$$

$$n_{\theta,Ed4} \leq n_{\theta,Rd4}, \quad 0,658 < 17,28 \text{ Шарт орындалды}$$

$$n_{x\theta,Ed4} \leq n_{x\theta,Rd4}, \quad 0,031 < 8,04 \text{ Шарт орындалды}$$

#### 4.1.2.2 3 учаске

а) тең әсерлі кернеулердің жалған құраушылары:

$$\sigma_{x,Ed3} = \frac{n_{x,Ed3}}{t_3} + \frac{m_{x,Ed3}}{t_3^2/4} = \frac{0,446}{0,7} + \frac{0,01}{0,7^2/4} = 0,719 \text{ кН/см}^2$$

б) фон Мизестің келтірілген есептік кернеулерді анықтау (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.4)

Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed7} = \sqrt{\sigma_{x,Ed7}^2 + \sigma_{\theta,Ed7}^2 - \sigma_{x,Ed7} \cdot \sigma_{\theta,Ed7} + 3 \cdot \tau_{x\theta,Ed7}^2}$$

$$\sigma_{e,Ed7} = \sqrt{3,003^2 + 1,934^2 - 3,003 \times 1,934 + 3 \times 0,016^2} = 2,637 \text{ кН/см}^2$$

в) дәнекерленген құралымдар үшін баламалы есептік кедергі (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.5)

Формуласы):

$$f_{e,Rd4} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{23,5}{1} = 23,5 \text{ кН/см}^2$$

мұнда  $\gamma_{M0}$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M0} = 1,00$ ;

$f_y$  - қабықша қабырғасы табақшасының аққыштық шегі,  $f_y = 23,5 \text{ кН/см}^2$ .

г) келтірілген тең әсерлі кернеулер бойынша көтергіш қасиетін тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.10) Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed7} \leq f_{e,Rd7} \quad 2,637 \text{ кН/см}^2 < 23,5 \text{ кН/см}^2 \quad \text{Шарт орындалды}$$

д) жеке тең әсерлілер бойынша көтергіш қасиеттер

— меридиональды бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.7) Формуласы):

$$n_{x,Rd7} = f_u \cdot t_7 / \gamma_{M2} = 36 \times 1 / 1,25 = 28,8 \text{ кН/см}$$

— айналма бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.8) Формула):

$$n_{\theta,Rd7} = f_u \cdot t_7 / \gamma_{M2} = 36 \times 1 / 1,25 = 28,8 \text{ кН/см}$$

— жанама кернеулер бойынша көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.9) Формуласы):

$$n_{x\theta,Rd7} = 0,57 \cdot f_y \cdot t_7 / \gamma_{M0} = 0,57 \times 23,5 \times 1 / 1 = 13,4 \text{ кН/см}$$

мұнда  $f_u$  — созылу беріктігінің шегі,  $f_u = 36 \text{ кН/см}^2$ ;

$\gamma_{M0}$ ,  $\gamma_{M2}$  — жеке сенімділік коэффициенттері,  $\gamma_{M0} = 1$ ,  $\gamma_{M2} = 1,25$ .

е) жеке тең әсерлілер бойынша тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.11) - (5.13)

Формулалары):

$$n_{x,Ed7} \leq n_{x,Rd7}, \quad 2,603 < 28,8 \quad \text{Шарт орындалды}$$

$$n_{\theta,Ed7} \leq n_{\theta,Rd7}, \quad 1,534 < 28,8 \quad \text{Шарт орындалды}$$

$$n_{x\theta,Ed7} \leq n_{x\theta,Rd7}, \quad 0,001 < 13,4 \quad \text{Шарт орындалды}$$

б учаске



а) тең әсерлі кернеулердің жалған құраушылары (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.2) және (5.3) Формулалары):

$$\begin{aligned}\sigma_{x,Ed6} &= \frac{n_{x,Ed6}}{t_6} + \frac{m_{x,Ed6}}{t_6^2/4} = \frac{2,661}{1} + \frac{0,005}{1^2/4} = 2,681 \text{ кН/см}^2 \\ \sigma_{\theta,Ed6} &= \frac{n_{\theta,Ed6}}{t_6} + \frac{m_{\theta,Ed6}}{t_6^2/4} = \frac{0,018}{1} + \frac{0,005}{1^2/4} = 0,038 \text{ кН/см}^2 \\ \tau_{x\theta,Ed6} &= \frac{n_{x\theta,Ed6}}{t_6} + \frac{m_{x\theta,Ed6}}{t_6^2/4} = \frac{0,055}{1} + \frac{1,4 \times 10^{-4}}{1^2/4} = 0,061 \text{ кН/см}^2\end{aligned}$$

б) фон Мизестің келтірілген есептік кернеулерді анықтау (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.4) Формуласы):

$$\begin{aligned}\sigma_{e,Ed6} &= \sqrt{\sigma_{x,Ed6}^2 + \sigma_{\theta,Ed6}^2 - \sigma_{x,Ed6} \cdot \sigma_{\theta,Ed6} + 3 \cdot \tau_{x\theta,Ed6}^2} \\ \sigma_{e,Ed6} &= \sqrt{2,681^2 + 0,038^2 - 2,681 \times 0,038 + 3 \times 0,061^2} = 2,66 \text{ кН/см}^2\end{aligned}$$

в) дәнекерленген құралымдар үшін баламалы есептік кедергі (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.5) Формуласы):

$$f_{e,Rd6} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{23,5}{1} = 23,5 \text{ кН/см}^2$$

мұнда  $\gamma_{M0}$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M0} = 1,00$ ;

$f_y$  - қабықша қабырғасы табақшасының аққыштық шегі,  $f_y = 23,5 \text{ кН/см}^2$ .

г) келтірілген тең әсерлі кернеулер бойынша көтергіш қасиетін тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.10) Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed6} \leq f_{e,Rd6} \quad 2,66 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} < 23,5 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} \quad \text{Шарт орындалды}$$

д) жеке тең әсерлілер бойынша көтергіш қасиеттер

— меридиональды бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.7) Формуласы):

$$n_{x,Rd6} = f_u \cdot t_6 / \gamma_{M2} = 36 \times 1 / 1,25 = 28,8 \text{ кН/см}$$

— айналма бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.8) Формуласы):

$$n_{\theta,Rd6} = f_u \cdot t_6 / \gamma_{M2} = 36 \times 1 / 1,25 = 28,8 \text{ кН/см}$$

— жанама кернеулер бойынша көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.9) Формуласы):

$$n_{x\theta,Rd6} = 0,57 \cdot f_y \cdot t_6 / \gamma_{M0} = 0,57 \times 23,5 \times 0,7 / 1 = 13,4 \text{ кН/см}$$

мұнда  $f_u$  — созылу беріктігінің шегі,  $f_u = 36 \text{ кН/см}^2$ ;

$\gamma_{M0}, \gamma_{M2}$  — жеке сенімділік коэффициенттері,  $\gamma_{M0} = 1$ ,  $\gamma_{M2} = 1,25$ .

е) жеке тең әсерлілер бойынша тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.11) - (5.13) Формулалары):

$$n_{x,Ed6} \leq n_{x,Rd6}, \quad 2,661 < 28,8 \quad \text{Шарт орындалды.}$$

$$n_{\theta,Ed6} \leq n_{\theta,Rd6}, \quad 0,018 < 28,8 \quad \text{Шарт орындалды}$$

$$n_{x\theta,Ed6} \leq n_{x\theta,Rd6}, \quad 0,055 < 13,4 \quad \text{Шарт орындалды}$$

5 учаске

а) тең әсерлі кернеулердің жалған құраушылары (1993-4-1 ҚР ҚН ЕН-нің (5.2) және (5.3) Формулалары):

$$\begin{aligned}\sigma_{x,Ed5} &= \frac{n_{x,Ed5}}{t_5} + \frac{m_{x,Ed5}}{t_5^2/4} = \frac{2,731}{1} + \frac{0,03}{1^2/4} = 2,851 \text{ кН/см}^2 \\ \sigma_{\theta,Ed5} &= \frac{n_{\theta,Ed5}}{t_5} + \frac{m_{\theta,Ed5}}{t_5^2/4} = \frac{0,392}{1} + \frac{0,03}{1^2/4} = 0,512 \text{ кН/см}^2 \\ \tau_{x\theta,Ed5} &= \frac{n_{x\theta,Ed5}}{t_5} + \frac{m_{x\theta,Ed5}}{t_5^2/4} = \frac{0,071}{1} + \frac{3 \times 10^{-3}}{1^2/4} = 0,083 \text{ кН/см}^2\end{aligned}$$

б) фон Мизестің келтірілген есептік кернеулерді анықтау (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.4) Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed5} = \sqrt{\sigma_{x,Ed5}^2 + \sigma_{\theta,Ed5}^2 - \sigma_{x,Ed5} \cdot \sigma_{\theta,Ed5} + 3 \cdot \tau_{x\theta,Ed5}^2}$$

$$\sigma_{e,Ed5} = \sqrt{2,851^2 + 0,512^2 - 2,851 \times 0,512 + 3 \times 0,083^2} = 2,63 \text{ кН/см}^2$$

в) дәнекерленген құралымдар үшін баламалы есептік кедергі (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.5) Формуласы):

$$f_{e,Rd5} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{23,5}{1} = 23,5 \text{ кН/см}^2$$

мұнда  $\gamma_{M0}$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M0} = 1,00$ ;

$f_y$  - қабықша қабырғасы табақшасының аққыштық шегі,  $f_y = 23,5 \text{ кН/см}^2$ .

г) келтірілген тең әсерлі кернеулер бойынша көтергіш қасиетін тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.10) Формуласы):

$$\sigma_{e,Ed5} \leq f_{e,Rd5} \quad 2,63 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} < 23,5 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} \quad \text{Шарт орындалды}$$

д) жеке тең әсерлілер бойынша көтергіш қасиеттер

— меридиональды бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.7) Формуласы):

$$n_{x,Rd5} = f_u \cdot t_5 / \gamma_{M2} = 36 \times 1 / 1,25 = 28,8 \text{ кН/см}$$

— айналма бағыттағы көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.8) Формуласы):

$$n_{\theta,Rd5} = f_u \cdot t_5 / \gamma_{M2} = 36 \times 1 / 1,25 = 28,8 \text{ кН/см}$$

— жанама кернеулер бойынша көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.9) Формуласы):

$$n_{x\theta,Rd5} = 0,57 \cdot f_y \cdot t_5 / \gamma_{M0} = 0,57 \times 23,5 \times 1 / 1 = 13,4 \text{ кН/см}$$

мұнда  $f_u$  — созылу беріктігінің шегі,  $f_u = 36 \text{ кН/см}^2$ ;

$\gamma_{M0}, \gamma_{M2}$  — жеке сенімділік коэффициенттері,  $\gamma_{M0} = 1$ ,  $\gamma_{M2} = 1,25$ .

е) жеке тең әсерлілер бойынша тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.11) – (5.13) Формуалары):

$$n_{x,Ed5} \leq n_{x,Rd5}, \quad 2,713 < 28,8 \quad \text{Шарт орындалды.}$$

$$n_{\theta,Ed5} \leq n_{\theta,Rd5}, \quad 0,392 < 28,8 \quad \text{Шарт орындалды}$$

$$n_{x\theta,Ed5} \leq n_{x\theta,Rd5}, \quad 0,071 < 13,4 \quad \text{Шарт орындалды.}$$

4.2 Юбканың цилиндрлік қабықшасының орнықтылығын тексеру.

Дайындауға жіберу сапасы – стандартты сапа параметрі  $Q = 16$  1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 5.1 Кестесі бойынша.

Қабықша бойынша сақиналы және көлденең қаттылық қырлары – жоқ.

а) жетілмегендік амплитудасының репрезентативті мәні  $w_{ok}$  (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.14) Формуласы):

$$w_{ok} = \frac{t}{Q} \cdot \sqrt{\frac{r}{t}} = \frac{1}{16} \times \sqrt{\frac{225}{1}} = 0,938 \text{ см}$$

б) жетілмегендік болған кездегі серпінді төмендету коэффициенті  $\alpha_0$  қысым болмаған жағдайда (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.15) Формуласы):

$$\alpha_0 = \frac{0,62}{1 + 1,91 \cdot \psi \cdot \left(\frac{w_{ok}}{t}\right)^{1,44}} = \frac{0,62}{1 + 1,91 \times 1 \times \left(\frac{0,938}{1}\right)^{1,44}} = 0,226$$

мұнда кернеулердің әркелкілік параметрі  $\psi = 1$ , өйткені шеңбер бойынша біркелкі қысу жағдайы бар.

в) серпінді кезіндегі орнықтылықтың жойылудың шекті кернеулері (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.28) Формуласы):

$$\sigma_{x,Rcr} = \frac{E}{\sqrt{3 \cdot (1 - \nu^2)}} \cdot \frac{t}{r} = 0,605 \cdot E \cdot \frac{t}{r} = 0,605 \times 2,06 \times 10^{-4} \times \frac{1}{225} = 55,39 \text{ кН/см}^2$$

е) орнықтылықты төмендету коэффициенті  $\chi_x$  қабықшаның салыстырмалы икемділігінің функциясы сияқты анықталады  $\lambda_x$  (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.30) – (5.35) Формулалары):

$$\bar{\lambda}_x = \sqrt{\frac{f_y}{\sigma_{x,Rcr}}} = \sqrt{\frac{23,5}{55,39}} = 0,651; \quad \bar{\lambda}_0 = 0,2 \text{ и } \bar{\lambda}_p = \sqrt{\frac{\alpha_0}{1 - \beta}} = \sqrt{\frac{0,226}{1 - 0,6}} = 0,752$$

$$\text{т. к. } \bar{\lambda}_0 < \bar{\lambda}_x < \bar{\lambda}_p \text{ то } \chi_x = 1 - \beta \cdot \left( \frac{\bar{\lambda}_x - \bar{\lambda}_0}{\bar{\lambda}_p - \bar{\lambda}_0} \right)^\eta = 1 - 0,6 \times \left( \frac{0,651 - 0,2}{0,752 - 0,2} \right)^1 = 0,509$$

мұнда -  $\beta = 0,6$  және  $\eta = 1,0$ .

ж) орнықтылықтың жойылуының шекті кернеулердің сипатты мәні (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.29) Формуласы):

$$\sigma_{x,Rk} = \chi_x \cdot f_y = 0,509 \times 23,5 = 11,97 \text{ кН/см}^2$$

з) орнықтылық жойылған кезде есептік мембраналық кернеулер (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.36) Формуласы):

$$\sigma_{x,Rd} = \sigma_{x,Rk} / \gamma_{M1} = 11,97 / 1,1 = 10,88 \text{ кН/см}^2$$

мұнда  $\gamma_{M1}$  – орнықтылықтың шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M1} = 1,10$  1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 5.9.2.2 Тармағы бойынша.

и) қабықша орнықтылығын тексеру (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.37) Формуласы):

Барлық ұзындық бойынша юбканың қалыңдығы бірдей болғандықтан, есептік тең әсерлі меридиональды мембраналық кернеулерді  $n_{x,Ed}$  5, 6 және 7 учаскелеріндегі максималды мәндеріне тең қылып аламыз,  $n_{x,Ed} = 2,731 \text{ кН/см}$ .

$$n_{x,Ed} \leq t \cdot \sigma_{x,Rd}$$

$$t \cdot \sigma_{x,Rd} = 1 \times 10,88 = 10,88 \text{ кН/см}$$

$$2,731 \text{ кН/см} < 10,88 \text{ кН/см} \text{ Шарт орындалды}$$

#### 4.3 Юбканың іргесіндегі тіреу сақинасы

а) Анкерлік бұрандамалардың немесе анкерлерді бекітудің басқа нүктелердің арасындағы шеңбердің периметрі бойынша аралық  $4 \cdot \sqrt{r \cdot t}$  аспауы тиіс, мұнда  $t$  — бұл қабықша табақшасының жергілікті қалыңдығы.

юбканың шеңберінің ұзындығын анықтаймыз:

$$l_{окр} = 2 \cdot \pi \cdot r = 2 \times 3,14 \times 225 = 1,414 \times 10^3 \text{ см}$$

Бекітпелер арасындағы сегменттің шекті жіберілетін ұзындығын анықтаймыз:

$$l_{segm,max} = 4 \cdot \sqrt{r \cdot t} = 4 \times \sqrt{225 \times 1} = 60 \text{ см}$$

мұнда  $t = 1 \text{ см}$  - юбка қабырғасының қалыңдығы.

$r = 225 \text{ см}$  – юбка іргесінің радиусы.

анкерлік бұрандамалар арасындағы учаскелердің минималды санын анықтаймыз:

$$n_{a,min} = \frac{l_{окр}}{l_{segm,max}} = \frac{1,414 \times 10^3}{60} = 23,56$$

тіректер санын қабылдаймыз  $n_a = 24$ .

сонда тірек учаскелердің арасындағы арақашықтық:

$$l_{segm} = \frac{l_{окр}}{n_a} = \frac{1,414 \times 10^3}{24} = 58,905 \text{ см}$$

құрайды.

б) Бункердің іргесіндегі тіреу сақинасының тік өсінің айналасында (айналма бағыттағы көлденең июге қарсы тұру үшін) июші қаттылығы  $EI_z$  келесі мәнмен ұсынылған (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (8.54) Формуласы)  $EI_{z,min}$  минималды мәнінен көп болуы тиіс:

$$EI_{z,min} = k \cdot E \cdot r \cdot t^3 = 0,10 \times 2,06 \times 10^4 \times 225 \times 1^3 = 4,635 \cdot 10^5 \text{ кН} \cdot \text{см}^2$$

мұнда  $t = 1$  см, іргесінің тіреу сақинасымен межелес белдеу қабырғасының қалыңдығы ретінде алынады.

$$k = 0,10.$$

Табақшадан жасалған тіреу сақинасын аламыз  $b_{op} = 20$  см,  $t_{op} = 2$  см, сонда тіреу сақинаының июші қаттылығы тік өсінің айналасында келесіні құрайды:

$$EI_z = E \frac{t_{op} \cdot b_{op}^3}{12} = 2,06 \times 10^4 \times \frac{2 \times 20^3}{12} = 2,747 \times 10^7 \text{ кН} \cdot \text{см}^2$$

Шартты тексеру:

$$EI_z = 2,747 \times 10^7 \text{ кН} \cdot \text{см}^2 > EI_{z,min} = 4,635 \times 10^5 \text{ кН} \cdot \text{см}^2$$

Шарт орындалып жатыр. Тіреу сақинаының июші қаттылығы минималды шекті жіберілетін қаттылықтан жоғары.

#### 4.4 Анкерлік бекіткіш

Егер сандық әдістерді қолданумен мұқият есептеулер жүргізілмесе, онда анкерлік бекітудің шеңбер бірлігіне  $p_{x,Ed}$  жергілікті жұлып алу күшін қабылдау үшін жеткілікті көтергіш қасиеті болуы тиіс (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (5.85) – (5.88) Формулалар бойынша):

$$\begin{aligned} p_{x,Ed} &= p_{n,Edw} \cdot \left( \frac{L^2}{2r} \right) \cdot \left[ C_1 + \sum_{m=2}^M m^2 \cdot C_m \left\{ 1 - \frac{3}{4} \left( \frac{a_1}{a_2 + a_3} \right) \right\} \right] = \\ &= 0,43 \times 10^{-4} \times \left( \frac{370^2}{2 \times 225} \right) \left[ 0,25 + 4^2 \times (0,25 + 1 + 0,45 - 0,15) \left\{ 1 - \frac{3}{4} \left( \frac{1,24}{1,18 + 0,1} \right) \right\} \right] \\ &= 0,092 \frac{\text{кН}}{\text{см}} \end{aligned}$$

мұнда:

$$a_1 = 1 + 10,4 \cdot \left( \frac{r}{m \cdot L} \right)^2 = 1 + 10,4 \times \left( \frac{225}{4 \times 370} \right)^2 = 1,24$$

$$a_2 = 1 + 7,8 \cdot \left( \frac{r}{m \cdot L} \right)^2 = 1 + 7,8 \times \left( \frac{225}{4 \times 370} \right)^2 = 1,18$$

$$a_3 = 3 \cdot \frac{r^3 \cdot t}{I_z} \cdot \left( \frac{r}{L} \right)^3 \left( \frac{1}{m^4 \cdot (m^2 - 1)^2} \right) = 3 \times \frac{225^3 \times 1}{1, (3) \times 10^3} \left( \frac{225}{370} \right)^3 \left( \frac{1}{4^4 \times (4^2 - 1)^2} \right) = 0,1$$

мұнда  $p_{n,Edw} = 0,43 \times 10^{-4}$  кН/см<sup>2</sup> - статикалық есептен анықталған, жел болған кезде тоқырау нүктесіндегі қысымның есептік мәні;

$L = 370$  см - цилиндрлік қабықша қабырғасының жалпы биіктігі;

$t = 1$  см - цилиндрлік қабықша қабырғасының орташа қалыңдығы;

$I_z$  - цилиндрдің үстінгі жиегіндегі оның тік өсіне қатысты сақина қимасының инерция сәті (айналма бағыттағы ию):

$$I_z = \frac{t_{op} b_{op}^3}{12} = \frac{2 \cdot 20^3}{12} = 1,333 \cdot 10^3 \text{ см}^4.$$

$a_1$ ,  $a_2$ ,  $a_3$  коэффициенттердің мағыналары  $m = 2$ ,  $m = 3$ ,  $m = 4$  үшін келесі кестеде келтірілген.

$m$	$a_1$	$a_2$	$a_3$	$m^2 C_m \left\{ 1 - \frac{3}{4} \left( \frac{a_1}{a_2 + a_3} \right) \right\}$
2	1,96	1,72	40,03	3,86
3	1,43	1,32	1,11	2,27
4	1,24	1,18	0,10	-0,656

$n_{x,Ed}$  үзілетін күштер ұзындықтың шеңберіне қатынасы:

$$n_{x,Ed} = p_{n,Edw} \left( \frac{L^2}{2r} \right) \left[ C_1 + \sum_{m=2}^M m^2 C_m \left\{ 1 - \frac{3}{4} \left( \frac{a_1}{a_2 + a_3} \right) \right\} \right] =$$

$$= 1,24 \cdot 10^{-4} \cdot \left( \frac{370^2}{2 \cdot 225} \right) [0,25 + (3,86 + 2,27 - 0,656)] = 0,216 \frac{\text{кН}}{\text{см}},$$

Мұндағы  $p_{n,Edw} = 0,825 \cdot 10^{-4} \cdot 1,5 = 1,24 \cdot 10^{-4} \text{ кН/см}^2$  – желдік қысымның есептік мағынасы (Мысалдағы 5 Суретті қар.).

$C_m$  – желдік қысымның шеңбер бойынша үйлестіру коэффициенті; бункер 2 классқа жатқандықтан, келесі мағыналар қабылданған

$C_1 = +0,25$ ,  $C_2 = +1,0$ ,  $C_3 = +0,45$  и  $C_{x4} = -0,15$  (НП.2.29 бойынша).

$M$  – желдік қысымдағы бөлген кездегі жоғарғы үйлесу,  $M = 4$  (НП.2.29 бойынша).

Бір бұрандама қабылдайтын күшті анықтаймыз:

$$N_1 = \frac{n_{x,Ed} \cdot l_{segm}}{j} = \frac{0,216 \cdot 58,91}{2} = 6,362 \text{ кН},$$

мұндағы  $j = 2$  – учаскедегі анкерлі бұрандамалар саны.

Анкерлі бұрандамалардың есептік кедергісі:

$$f_y = \frac{f_{yb}}{\gamma_{M2}} = \frac{19}{1,25} = 15,2 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2},$$

мұндағы  $f_{yb} = 19 \text{ кН/см}^2$  – диаметр кем дегенде 2 см болған кездегі анкерлік бұрандаманың беріктігі (іргетас бұрандамаларын ГОСТ 535 Ст3кп2-И болаттан бойынша қабылдаймыз).

$\gamma_{M5} = 1,25$  – салмақ түсіретін қабілеттілігі бар бұрандаманың жеке коэффициенті (ҚР ҚН EN 1993-1-8 2.1 Кесте).

Анкерлік бұрандаманың талап етілетін ауданы:

$$A_b = \frac{N_1}{f_y} = \frac{6,61}{15,2} = 0,438 \text{ см}^2.$$

СТ СЭВ 182-75 бойынша диаметрі 2 см ауданы  $A_b = 2,45 \text{ см}^2$  анкерлік бұрандаманы қабылдаймыз.

## 5.5 Цилиндрлік қабырғалардағы тесіктердің құралымдық шешімдері

### 5.5.1 Жалпы ережелер

Бункердің қабырғасындағы тесіктер тесіктің қасында бекітілетін тік және көлденең қаттылық қырлармен күшейтілуі тиіс. Егер тесік пен қаттылық қыр арасында қабықша қабырғасының учаскесі орналасса, оны есептеу кезінде ескермеген жөн.

### 5.5.2 Тік бұрышты тесіктер

5.5.2.1 Тік бағыттағы тік бұрышты тесіктің периметрі бойынша күшейту өлшемі (5.9 Суретін қар.) қаттылық қырларының көлденең қималарының ауданы қабырғаның кесілген бөлігінің көлденең қимасының ауданынан аз емес болатындай, бірақ бұл алаңнан аз дегенде екі есе аспайтындай болуы тиіс.

5.5.2.2 Көлденең бойынша күшейту өлшемі қаттылық қырлардың көлденең қимасының ауданы қабырғаның кесілген бөлігінің көлденең қимасының ауданынан аз болмайтындай болуы тиіс.


5.5.2.3 Тең әсерлі мембраналық кернеулердің бағыттарына перпендикулярлы қаттылық қырлардың июші қаттылығы тесіктің орталық сызығында орналасқан және тесіктің болуынан шыққан тең әсерлі кернеулер бағытындағы қабықша қабырғасының салыстырмалы  $\delta$  мына  $\delta_{\max}$  шамадан көп болмауы тиіс, ол келесі формула бойынша анықталады:

$$\delta_{\max} = k_{d1} \cdot \sqrt{\frac{t}{r}} \cdot d \quad (5.89)$$

мұнда  $d$  - тең әсерлі кернеулердің бағытына перпендикулярлы өлшенген тесіктің ені.  
 $k_{d1} = 0,02$  (НП.2.30).

5.5.2.4 Тік күшейткіш қаттылық қырлар тесіктің үстінгі және астыңғы шегінен  $2\sqrt{rt}$  шамасынан көп шығауы тиіс.

5.5.2.5 Қабықша қаттылық қабырғалардың ұштарына жалғасатын аймақтарда қабырға орнықтылығының жергілікті жойылуын болдырмайтындай, жергілікті жүктеулер үшін 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 5.4.5 және 5.4.6 Тармақтарының ережелерін қолданумен есептелуі тиіс.



**5.9 Сурет – Бункер қабырғаларында тесіктерді күшейту үшін қырларды әдеттегі орналастыру сұлбалары**

## 5.6 Пайдаланушылық жарамдылығы бойынша шекті күйлер

### 5.6.1 Негізгі ережелер

5.6.1.1 Цилиндрлік бункерлердің табақша қабырғаларының пайдаланушылық жарамдылығы бойынша шекті күйлер ретінде келесіні қабылдаған жөн:

— құралымды тиімді пайдалануға қолайсыз әсер ететін деформациялар немесе майысулар;

— көтергіш, сол секілді екінші кезектегі құрылымдық элементтердің зақымдануын болдыратын деформациялар, майысулар, дірілдер немесе тербелістер.

5.6.1.2 Деформациялар, майысулар және дірілдер жоғарыда көрсетілген критерийлерді қанағаттандыру үшін шектелуі тиіс (шекті мәндері болуы тиіс).

5.6.1.3 Әр пайдалану саласы үшін нақты шекті мәндер жобалық ұйымның, тапсырыс берушінің және тиісті қадағалау органның арасында сақталатын қатты материалдардың пайдалану саласы мен табиғатын ескерумен келісілуі тиіс.

### 5.6.2 Ауытқулар

5.6.2.1 Горизонталь бойынша жалпы ауытқудың шекті мәні келесі формула бойынша анықталады:

$$w_{\max} = k_{d2} \cdot H \quad (5.90)$$

мұнда  $H$  - іргеден шатырға дейін өлшенген құралымның биіктігі.

ЕСКЕРТПЕ  $k_{d2}$  мәні ұлттық қосымшада берілуі мүмкін.  $k_{d2} = 0,02$  (МҚ2.31).мәні ұсынылады.

5.6.2.2 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 5.6.2 (2) Тармағына сәйкес, желдің әсерінен жергілікті тарамдаған майысудың шекті мәні (көлденең қиманың шеңберден ауытқуы) келесі мәндердің ең азы ретінде қабылдауы тиіс:

$$w_{r,\max} = k_{d3} \cdot r \quad (5.91)$$

$$w_{r,\max} = k_{d4} \cdot t \quad (5.91)$$

мұнда  $t$  - қабықша қабырғасындағы ең жіңішке бөлігінің жергілікті қалыңдығы.

ЕСКЕРТПЕ  $k_{d3}$  және  $k_{d4}$  мәндері ұлттық қосымшада берілуі мүмкін.  $k_{d3} = 0,05$  және  $k_{d4} = 20$  (МҚ.2.32) мәндер ұсынылады.

## 6 КОНУСТЫҚ ШҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЖОБАЛАУ

### 6.1 Есептеу негіздері

#### 6.1.1 Жалпы ережелер

6.1.1.1 Конустық шұңғымалардың өлшемдерін 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің бөлімнің талаптарына сәйкес көтергіш қасиеттің шекті күйлері бойынша негізгі есептік талаптар орындалатындай тағайындаған жөн.

6.1.1.2 Конустық қабықшалардың сенімділігін бағалауы ҚР ҚН EN 1993-1-6 ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.

### **6.1.2 Шұңғыманың қабырғаларын есептеу**

6.1.2.1 Шұңғыманың конустық қабырғасының өлшемдері қызмет ету мерзім бойы келесімен қамтамасыз етілгеніне тексерілуі тиіс:

— ішкі қысымның және қабырғаға үйкелесі күштің әсерінен жарылуға көтергіш қасиеті;

— ауыспалы аймақта иілген кезде жергілікті аққыштық бойынша көтергіш қасиеті;

— қажу қирауы бойынша көтергіш қасиеті;

— түйіндердің және қосылыстардың көтергіш қасиеті;

— жүк түсіру құрылғылардан және механизмдерден көлденең жүктеулер кезінде орнықтылықты жою бойынша көтергіш қасиеті;

— жергілікті кернеулер кезіндегі көтергіш қасиеті.

6.1.2.2 Қабықшаның қабырғасы ҚР ҚН EN 1993-1-6 талаптарына сәйкес есептелуі тиіс, 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 6.3 – 6.5 Тармақтарын орындаған кезде қабырға бұл стандарттың талаптарына да сәйкес келетін жағдайлардан басқа.

6.1.2.3 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 6.3 – 6.5 Тармақтарының ережелері  $\beta$  0° -дан 70° дейін сүйір ұштың жартылай бұрышымен (қабырғаның тікке ылдийі) шұңғымаларға ғана қолданылуы мүмкін.

6.1.2.4 1 зардаптар тобының бункерлер шұңғымалары үшін қажудың және аз циклді қажудың шекті күйлері бойынша тексерулерді жүргізбеуге болады, егер келесі шарттар орындалатын болса

а) ауыспалы аймақтағы үзіліске есептеу өзгертілген жеке қауіпсіздік коэффициентін қолданумен еорындалған  $\gamma_{M0} = \gamma_{M0g} = 1,4$  (МҚ.2.33);

б) ауыспалы түйінге жалғасатын аймақта меридиональды қаттылық қабырғалары немесе жеке тіреу түйіндері жоқ.

### **6.2 Шұңғыма қабықшамының нысандары арасындағы айырмашылықтар**

1) Майысқан болат табақшалардан жасалған шұңғыманың қабырғасы изотропты деп аталады.

2) Сыртқы қаттылыққабырғалары бар шұңғыманың қабырғасы «сыртқы күшейткіші бар қабырға» деп аталады.

3) Бірден көп жүк түсіру тесігі бар шұңғыма көп каналды деп аталады.

4) Тіректерге немесе тіреулерге дискретті сүйенетін бункердің бөлігі болып табылатын шұңғыма «дискретті сүйелген» деп аталады.



### **6.3 Конустық шұңғымалардың көтергіш қасиеті**

#### **6.3.1 Жалпы ережелер**

6.3.1.1 Конустық шұңғыма ҚР ҚН EN 1993-1-6 талаптарына сәйкес келуі тиіс. Бұл тараптар 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 6.3 Тармағына сәйкес есептік көтергіш қасиетті бағалаудың әдістерін қолданған кезде орындалады.

6.3.1.2 Ерекше назарды бункердің әртүрлі бөліктері жүкті тиген жіне түсірген кезде қысымның әртүрлі эпюраларының әрекеттерінен максималды күшті сезе алу мүмкіндігіне аудару қажет.

6.3.1.3 Шұңғыма элементтеріндегі тең әсерлі кернеулер, жалпы жағдайда, қабықшаның мембраналық теориясы бойынша анықталады. Жүктеудің әртүрлі эпюралары туралы қосымша ақпарат және сол кезде пайда болатын мембраналық теориясы бойынша тең әсерлі қабықшалардың есептелуі 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің В қосымшасында ұсынылған.

#### **6.3.2 Дәнекерленген немесе бұрандалы қосылыстарда қаттылық қырларсыз изотропты қабырғасы бар шұңғымалар**


##### **6.3.2.1 Жалпы ережелер**

Конустық шұңғыма тіреу күштерінен меридиональды және айнала реакциялардың өзара байланысын ескерумен қабықша ретінде қарастырылуы тиіс.

##### **6.3.2.2 Пластикалық механизм немесе шұңғыма қабықшасының үзілісі**

6.3.2.2.1 Үзіліске беріктікті есептеу шұңғыманың қабырғада әртүрлі өзгеретін қысым эпюралары бар жүктеулерге шалдығуы мүмкін екені ескерілуі тиіс. Аошақтық кезінде бұзылу қабырғаға оңай таратылатындықтан, және жалпы жағдайда, тұтқыр болмайтын, шұңғыманың әр нүктесінің максималды есептік әсерін қабылдау үшін жеткілікті көтергіш қасиеті болуы тиіс.

6.3.2.2.2 Конустық шұңғыманың меридианы бойымен дәнекерленген және бұрандама қосулардың әр нүктесінің толтыру және түсіру шарттарына сәйкес келетін қысымның нәтижесінде пайда болатын максималды мембраналық күштерді қабылдау үшін жеткілікті өлшемдері болуы тиіс.




**6.1 Сурет – Шұңғыма қабықшасының сегменті**

6.3.2.2.3 Құйғыштың шеңберінің бойымен бағытталған дәнекерленген немесе бұрандама қосулардың мұндай қосудан төмен салынуы мүмкін қатты материалдардың максималды жалпы салмағын көтере алатын пропорциялары болуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Материалдардың салмағы ҚР ҚН EN 1991-4 бойынша анықталады.

### 6.3.2.3 Ауыспалы қосылыстағы үзіліс

6.3.2.3.1 Ауыспалы қосуда шұңғыманы қосудың айналма түйіні жүктеулердің мүмкін әркелкілігін ескерумен шұңғыма ұстайтын максималды меридиональды жүктеуді қабылдауға есептелуі тиіс.



**6.2 Сурет – Құйғыштың ауыспалы қосылысы: үзілу ықтималдығы**

6.3.2.3.2 Ауырпалық күшінен және сақталып жатқан материалдың ағысынан жүктеулер ғана қарастырылған кезде шеңбер бірлігіне меридиональды күш  $n_{\phi h, Ed, s}$  статикалық тепе-теңдік шартынан анықталады (қосылыстың ауданына бөлінген материалдың салмағы). Меридиональды күш 1991-4 ҚР ҚН EN-НІҢ бойынша анықталған симметриялық қысым нәтижесінде жіберіледі, және өтпелі қосылыс арқылы жіберіледі. Шеңбер бірлігіне жергілікті меридиональды күштің есептік мәні  $n_{\phi h, Ed}$  жүктеудің әркелкілігін ескеруімен келесі формула бойынша анықталады:

$$n_{\phi h, Ed} = g_{asym} \cdot n_{\phi h, Ed, s} \quad (6.1)$$

мұнда  $n_{\phi h, Ed, s}$  - жүктеулердің симметриялық шартынан алынған шұңғыманың үстінгі бөлігіндегі шеңбер ұзындығының бірлігіне меридиональды мембраналық күшінің есептік мәні (ҚР ҚН EN 1993-4-1 В қосымшасы);

$g_{asym} = 1,2$  - ассиметриялық нәтижесіндегі кернеуді көбейту коэффициенті.

6.3.2.3.3 Егер дискреттік тіреулерден, түсіру құрылғылар мен механизмдерден, материалдың қысымынан және т.б. симметриялық емес және жинақталған күштер бар болса, зардаптардың 2 тобының бункерлерінде шұңғыманың есептелуі қабықшалардың сәттік теориясы бойынша орындалуы тиіс. Есептеу негізінде шұңғымадан өтпелі қосылысқа жіберілетін шеңбер ұзындығының бірлігіне меридиональды күштердің максималды жергілікті мәндер анықталады.

6.3.2.3.4 Шұңғыманың өтпелі қосылыстағы көтергіш қасиеті  $n_{\phi h, Rd}$  келесі формула бойынша анықталады:

$$n_{\phi h, Rd} = k_r \cdot t \cdot f_u / \gamma_{M2} \quad (6.2)$$

мұнда  $f_u$  - созу кезіндегі беріктік шегі.

$k_r = 0,90$  (МҚ.2.35).

### 6.3.2.4 Қалындықты өзгерту учаскелерінде немесе өтпелі қосылыстарда иілімділік бойынша беріктікті тексеру

6.3.2.4.1 Иілімді механизм бойынша бұзылған кездегі шұңғыманың көтергіш қасиеті конустың үстінгі шегінде немесе табақша қалыңдығының өзгеру нүктесінде тең әсерлі меридиональды мембраналық кернеулер бойынша анықталады  $n_{\phi}$ .

6.3.2.4.2 есептік көтергіш қасиеті  $n_{\phi,Rd}$  келесі формула бойынша анықталады

$$n_{\phi,Rd} = \frac{\left( \frac{r \cdot t \cdot f_y}{r - 2.4 \cdot \sqrt{\frac{r \cdot t}{\cos \beta}} \cdot \sin \beta} \right) \cdot \left( \frac{0.91 \cdot \mu + 0.27}{\mu + 0.15} \right)}{\gamma_{Mo}} \quad (6.3)$$

мұнда  $t$  - қабырғаның жергілікті қалыңдығы;


$r$  - иілімді механизмнің жоғарғы нүктедегі шұңғыманың радиусы (шұңғыманың үстінгі шетінен немесе табақша қалыңдығы өзгерудің үстінгі нүктесінде);

$\beta$  - шұңғыманың жартылай бұрышы;

$\mu$  - материалдың шұңғыма қабырғасына максималды үйкеліс коэффициенті.

6.3.2.4.3 Қабықшаның барлық есептік нүктелерінде есептегіш көтергіш қасиеті шартын қанағаттандыруы тиіс:

$$n_{\phi,Ed} \leq n_{\phi,Rd} \quad (6.4)$$



6.3 Сурет – Конустық шұңғыманың иілімді бұзылуы

### 6.3.2.5 Өтпелі қосылыстың аймағындағы жергілікті ию

6.3.2.5.1 Аз циклді қажуды және қажу бұзылуды болдырмау үшін шұңғыма бірлесе деформациясынан (цилиндрдің және конустың) және тепе-тендік жағдайларынан пайда болатын шұңғыманың үстінгі бөлігіндегі күрт майысуға төзе алатындай жобалануы тиіс.

6.3.2.5.2 Зардаптардың 1 тобының бункерлері үшін бұл талапты орындамауға болады.

6.3.2.5.3 Егер құралымның ақырғы элементтер әдісімен есептелуі орындалмаса, шұңғыманың үстінгі бөлігіндегі июдің жергілікті кернеуінің мәні келесі төмендегі әдістеме бойынша анықталуы тиіс.

6.3.2.5.4 Сақиналы қырға өтпелі түйінде әрекет ететін есептік тарамдаған күшті  $F_{e,Ed}$  және сәтті  $M_{e,Ed}$  формулалар бойынша анықтаған жөн:

$$F_{e,Ed} = n_{\phi h,Ed} \cdot \sin \beta - F_h - F_c \quad (6.5)$$

$$M_{e,Ed} = F_c \cdot x_c - F_h \cdot x_h \quad (6.6)$$

келесі болған кезде:

$$F_c = 2 \cdot x_c \cdot p_{nc} \quad (6.7)$$

$$F_h = 2 \cdot x_h \cdot (0.82 - 0.15 \cdot \mu \cdot \cot \beta) \cdot p_{nh} \quad (6.8)$$

$$x_c = 0.39 \cdot \sqrt{r \cdot t_c} \quad (6.9)$$

$$x_h = 0.39 \cdot \sqrt{\frac{r \cdot t_h}{\cos \beta}} \quad (6.10)$$

мұнда  $t_h$  - шұңғыма қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$t_c$  - өтпелі қосылыстағы цилиндр қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$r$  - өтпелі қосылыстың радиусы (шұңғыманың үстінгі бөлігінде);

$\beta$  - шұңғыманың жартылай бұрышы;

$\mu$  - материалдың шұңғыма қабырғасына максималды үйкеліс коэффициенті.

$n_{\phi h,Ed}$  - шұңғыманың үстінгі бөлігінде тең әсерлі меридиональды мембраналық кернеулердің есептік мәні;

$p_{nh}$  - шұңғымаға тікелей өтпелі қосылыспен қалыпты қысымның жергілікті мәні;

$p_{nc}$  - цилиндрге тікелей өтпелі қосылыспен қалыпты қысымның жергілікті мәні.

6.3.2.5.5 Шұңғыманың үстінгі бөлігіндегі июдін жергілікті кернеулері  $\sigma_{b\phi h,Ed}$  келесі формула бойынша анықталады:

$$\sigma_{b\phi h,Ed} = \left(\frac{6}{\Delta}\right) \cdot \{(a_2 - 2 \cdot a_1 \cdot \eta) \cdot M_{e,Ed} - \rho \cdot (a_3 - a_2 \cdot \eta) \cdot F_{e,Ed}\} - \left(\frac{6}{t_h^2}\right) \cdot F_h \cdot x_h \quad (6.11)$$

келесі болған кезде:

$$\Delta = 2 \cdot a_1 \cdot a_3 - a_2^2 \quad (6.12)$$

$$\rho = 0.78 \cdot \sqrt{r} \quad (6.13)$$

$$\eta = \sqrt{t_h \cdot \cos \beta} \quad (6.14)$$

$$a_1 = t_s^{3/2} + t_c^{3/2} + \frac{t_h^{3/2}}{\sqrt{\cos \beta}} + \frac{A_{ep}}{\rho} \quad (6.15)$$

$$a_2 = t_s^2 - t_c^2 + t_h^2 \quad (6.16)$$

$$a_3 = t_s^{5/2} + t_c^{5/2} + t_h^{5/2} \cdot \sqrt{\cos \beta} \quad (6.17)$$

мұнда  $t_h$  - шұңғыма қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$t_c$  - цилиндрдің өтпелі қосылыстағы қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$t_s$  - өтпелі қосылыстан төмен қабырға қалыңдығының жергілікті юбкасы;

$A_{ep}$  - өтпелі қосылыста сақиналы қырдың көлденең қимасының ауданы (жалғасатын қабықша сегменттерінің аудандарын ескермей);

$r$  - өтпелі қосылыстың радиусы (шұңғыманың үстінгі бөлігінде).

### 6.3.2.6 Дискретті тіректерге тірелген бункердің құрамына кіретін шұңғымалар

6.3.2.6.1 Бункер жеке тіректерге немесе ұстындарға тірелген кезде өтпелі қосылыста сақиналы арқалықтың салыстырмалы қаталдығын, шұңғымада меридиональды мембраналық кернеулердің әркелкілігін анықтаған кезде цилиндрдің және шұңғыманың қабырғасын ескерген жөн.

6.3.2.6.2 Зардаптардың 1 тобының бункерлерінде бұл талапты орындамауға болады.

6.3.2.6.3 Шұңғыма 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 6.3.2.3 және 6.3.2.4 Тармақтарына сәйкес тіректерге жалғасатын шұңғыманың үстінгі бөлігіндегі жергілікті меридиональды созу күштерінің ең үлкен мәндеріне тозе алатындай жобалануы тиіс.

### 6.3.2.7 Шұңғыма қабырғаларының орнықтылығының жойылуы

6.3.2.7.1 Зардаптардың 1 тобының бункерлерінде шұңғыма қабырғаларының орнықтылығын тексермеуге болады.

6.3.2.7.2 Шұңғыманың көтергіш қасиеті орнықтылығы жойылған кезде түсіру құрылғылардың және механизмдердің жазық күштерінен немесе симметриялық емес тік әсерлерден тексерілуі тиіс.

6.3.2.7.3 Шұңғыманың үстінгі бөлігінде орнықтылық жойылған кезде шұңғыманың көтергіш қасиеті  $n_{\phi h, Rd}$  келесі формула бойынша анықталады

$$n_{\phi h, Rd} = 0,06 \cdot \alpha_{xh} \cdot E \cdot \left( \frac{t_h^2}{r} \right) \cdot \cos \beta / \gamma_{M1} \quad (6.18)$$

мұнда  $\alpha_{xh} = 0,1$  - орнықтылық жойылған кезде жетілмегендік коэффициенті;

$t_h$  - шұңғыма қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$r$  - өтпелі қосылыстағы шұңғыманың радиусы;

$\gamma_{M1} = 1,10$ .

(6.18) Формуласы бойынша анықталған  $n_{\phi, Rd}$  мәні келесіден аспауы тиіс

$$n_{\phi, Rd} = t_h \cdot f_y / \gamma_{M1}$$

6.3.2.7.4 Шұңғыманың үстінгі бөлігіндегі меридиональды күш мына шартты қанағаттандыруы тиіс:

$$n_{\phi h, Ed} \leq n_{\phi h, Rd} \quad (6.19)$$

3 МЫСАЛ Бункердің конустық құйғышын есептеу

1 Бастапқы деректер

1.1 Есептеу үшін бастапқы деректер (1 мысалды қар.). Шұңғыманың сұлбасы 1 мысалдың 1 Суретінде келтірілген.

1.2 Есептеу шарттары:

а) 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 6.3 – 6.5 Тармақтарындағы ережелерді қолдануға рұқсат етіледі, өйткені шұңғыма ұшының жартылай бұрышы  $0^\circ < \beta = 30^\circ < 70^\circ$ ;

б) шұңғыманың қабырғасы – изотропты қатандық қырларысыз.

2 Жүктеулерді жинау (1 мысалды қар.).

3 Статикалық есеп (1 мысалды қар.).


3.1 Бункердің деформацияланған сұлбасы (1 мысалды қар.).

3.2 Есептеу нәтижелері

Статикалық есептің нәтижелері бойынша бункер шұңғымасының элементтерінде қалыпты кернеулер және июші сәттер шығарылған.

Шұңғыма қабырғаларына бірінші есептік үйлесімнің жүктеу әрекеттерінен қалыпты сақиналы кернеулерді үлестіруі 1а Суретте көрсетілген, екінші есептік үйлесуден – 1б Суретінде көрсетілген. Қалыпты меридиональды кернеулерді шұңғыма қабырғаларына бірінші есептік үйлесудің жүктеулер әрекеттерінен үлестіруі 2а Суретте көрсетілген, екінші есептік үйлесуден – 2б Суретінде, үшінші есептік үйлесуден – 2в Суретінде көрсетілген. Қабықшадағы қалыпты кернеулер статикалық есептердің нәтижелері бойынша МПа-да алынған.


Статикалық есеп кезінде алынған кернеулердің мәндерінен (кернеулердің мәндері қабырғаның тапсырылған қалыңдығы үшін МПа-да алынған) әрі қарай бункер элементтерінің беріктігі мен орнықтылығын тексеру үшін қолданылатын кернеулердің есептік мәндеріне ауысу үшін 1, 2 және 3 Кестелер құрылған. Көрсетілген кестелерге бункер элементтерінің есептік учаскелеріндегі максималды кернеулер жазылған. Нәтижелер қабықшаның нақты қалыңдығы кезіндегі кернеулерден қабықшаның бір сантиметр ұзындығына кернеулерге ауысу арқылы қабықшаның кернеуленген жағдайының құрауыштары түрінде ұсынылған. Бункер қабықшаның элементтеріндегі кернеулер үш есептік үйлесімділіктер үшін бөлек келтірілген, өйткені әртүрлі тексерулерде ҚҚС құрауыштары сәйкес келмейді.



а) жүктеулердің үйлесуі 1;

б) жүктеулердің үйлесуі 2.

**1 Сурет – Қалыпты сақиналы кернеулерді  $p_0$  шұңғыма қабырғаларына үлестіру, МПа**



**2 Сурет – Меридиональды қалыпты кернеулерді  $n_x$  шұңғыма қабырғаларында үлестіру, МПа**

**1 Кесте – 1 үйлесім бойынша есептік кернеулер**

Учаскенің	Кернеуленген жағдайдағы құраушылар					
№	$n_{\theta,Ed}$	$m_{\theta,Ed}$	$n_{x,Ed}$	$m_{x,Ed}$	$n_{x\theta,Ed}$	$m_{x\theta,Ed}$
	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см
10	2,041	0,050	1,524	0,170	0,006	$2,7 \times 10^{-3}$
9	1,554	0,010	1,165	$4,0 \times 10^{-3}$	0,005	$2,2 \times 10^{-3}$
8	0,943	0,140	0,663	0,100	0,020	0,020

**2 Кесте – 2 үйлесім бойынша есептік кернеулер**

Учаскенің	Кернеуленген жағдайдағы құраушылар					
№	$n_{\theta,Ed}$	$m_{\theta,Ed}$	$n_{x,Ed}$	$m_{x,Ed}$	$n_{x\theta,Ed}$	$m_{x\theta,Ed}$
	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см	кН/см	кН·см/см
10	2,839	0,070	2,037	0,220	0,060	$2,7 \times 10^{-3}$
9	2,110	0,010	1,531	$5,0 \times 10^{-3}$	0,050	$2,2 \times 10^{-3}$
8	1,246	0,140	0,858	0,110	0,200	0,020

**3 Кесте – 3 үйлесім бойынша есептік кернеулер**

Учаскенің №	Меридиональды кернеу, $n_{x,Ed}$ кН/см
10	0,070
9	0,064
8	0,068



1 Кестеде, 2 Кестеде және 3 Кестеде келтірілген кернеуленген жағдайдың құраушыларына түсініктемелер (1 мысалды қар.).

4 Конустық шұңғыманың қабықшасын есептеу

4.1 Өтпелі түйінді үзіліске беріктігін есептеу

– шеңбердің бірлігіне жергілікті меридиональды күші  $n_{\phi h, Ed}$  жүктеудің әркелкілігін ескерумен (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (6.1) Формуласы бойынша):

$$n_{\phi h, Ed} = g_{asym} \cdot n_{\phi h, Ed, s} = 1,2 \times 2,037 = 2,444 \frac{\text{кН}}{\text{см}}$$

мұнда  $n_{\phi h, Ed, s}$  - симметриялық жүктеу кезінде шыққан шұңғыма ұшындағы шеңбердің бірлігіне меридиональды мембраналық күштің есептік мәні,

$$n_{\phi h, Ed, s} = n_{\phi, Ed} = 2,037 \frac{\text{кН}}{\text{см}}$$

$g_{asym}$  - кернеудің ассиметриялылығын үлкейту коэффициенті.  $g_{asym} = 1,2$ .

– өтпелі қосылыстағы есептік кедергісі (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (6.2) Формуласы бойынша):

$$n_{\phi h, Rd} = \frac{k_r \cdot t \cdot f_u}{\gamma_{M2}} = \frac{0,9 \times 1 \times 36}{1,25} = 25,92 \frac{\text{кН}}{\text{см}}$$

мұнда  $f_u$  - үзіліске беріктіктің шегі.

$$f_u = 36 \text{ кН/см}^2;$$

$k_r = 0,90$  1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 6.3.2.4 Тармағы бойынша;

$\gamma_{M2}$  - үзіліске беріктіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M2} = 1,25$ ;

$t = 1 \text{ см}$  – шұңғыма қабырғасының қалыңдығы.

– беріктікті тексеру:

$$n_{\phi h, Ed} = 2,444 \frac{\text{кН}}{\text{см}} < n_{\phi h, Rd} = 25,92 \frac{\text{кН}}{\text{см}}$$

Қорытынды: өтпелі түйінің үзіліске беріктігі қамтамасыз етілген.

$$n_{\phi, Rd} = \frac{\left( \frac{rtf_y}{r - 2,4 \sqrt{\frac{rt}{\cos \beta}} \cdot \sin \beta} \right) \left( \frac{0,91\mu + 0,27}{\mu + 0,15} \right)}{\gamma_{M0}} =$$

$$= \frac{\left( \frac{225 \cdot 1,0 \cdot 23,5}{225 - 2,4 \sqrt{\frac{225 \cdot 1}{\cos 30^\circ}} \cdot \sin 30^\circ} \right) \left( \frac{0,91 \cdot 0,43 + 0,27}{0,43 + 0,15} \right)}{1,00} = 29,32 \frac{\text{кН}}{\text{см}},$$

мұнда  $t = 1 \text{ см}$  - қабырғаның жергілікті қалыңдығы;

$r = 225 \text{ см}$  - беріктікті тексерудің ең жоғары нүктесіндегі – шұңғыма ұшындағы радиус;

$\beta = 30^\circ$  - шұңғыманың жартылай бұрышы;

$\mu$  - хоппер қабырғасына үйкеліс коэффициенті. Цемент үшін қабырғаға үйкелу мәнін ең үлкен мән бойынша аламыз  $\mu = \mu_m \cdot a_\mu = 0,46 \times 1,07 = 0,492$ , мұнда мәндер  $\mu_m$  и  $a_\mu$  1991-4 ҚР ҚН EN-НІҢ, Е қосымшасы бойынша белгіленген.

$\gamma_{M0}$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті,  $\gamma_{M0} = 1,00$ .

$f_y = 23,5 \text{ кН/см}^2$  – аққыштық шегі бойынша есептік кедергі.

– көтергіш қасиетін тексеру:

$$n_{\phi, Ed} = 2,037 \frac{\text{кН}}{\text{см}} < n_{\phi, Rd} = 29,32 \frac{\text{кН}}{\text{см}}$$

Қорытынды: иілімділік механизмі бойынша көтергіш қасиеті қамтамасыз етілген.

4.3 Өтпелі қосылыс аймағында жергілікті ию кезінде беріктікті тексеру

а) шұңғыма ұшындағы тең әсерлі меридиональды мембраналық кернеулердің есептік мәні:  $n_{\phi h, Ed} = 2,444 \text{ кН/см}$  - статикалық есептен алынады.

б) тиімді тарамдаған күшті  $F_{e, Ed}$  және сәтті  $M_{e, Ed}$  анықтау үшін параметрлер (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (6.7) – (6.10) Формулалары бойынша) анықталған:

$$x_c = 0,39 \cdot \sqrt{r \cdot t_c} = 0,39 \times \sqrt{225 \times 0,8} = 5,232 \text{ см}$$

$$x_h = 0,39 \cdot \sqrt{\frac{r \cdot t_h}{\cos \beta}} = 0,39 \times \sqrt{\frac{225 \times 1}{\cos 30^\circ}} = 6,286 \text{ см}$$

$$F_c = 2x_c p_{nc} = 2 \cdot 5,232 \cdot 4,594 \cdot 10^{-3} = 0,048 \frac{\text{кН}}{\text{см}};$$

$$F_h = 2x_h (0,82 - 0,15 \mu \operatorname{ctg} \beta) p_{nh} = 2 \cdot 6,286 \cdot (0,82 - 0,15 \cdot 0,43 \cdot \operatorname{ctg} 30^\circ) \cdot 11,28 \cdot 10^{-3} = 0,10 \frac{\text{кН}}{\text{см}},$$

мұнда  $t_h = 1,0 \text{ см}$  - хоппер қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$t_c = 0,8 \text{ см}$  - өтпелі қосылыс аймағында цилиндр қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$r = 225 \text{ см}$  - өтпелі қосылыстың радиусы (хоппердің үстінгі бөлігінде);

$\beta = 30^\circ$  - хоппердің ұшындағы толық емес бұрышы;

$\mu$  - хоппер қабырғасына үйкеліс коэффициенті;

$p_{nh}$  - хопперге тікелей өтпелі қосылыстың астында қалыпты қысымның жергілікті шамасы,

$p_{nh} = p_{ne} \cdot \gamma_Q = 7,52 \cdot 10^{-3} \cdot 1,5 = 11,28 \cdot 10^{-3} \text{ кН/см}^2$  - статикалық есептен анықталған;

$p_{nc}$  - цилиндрге тікелей өтпелі қосылыстың астында қалыпты қысымның жергілікті шамасы,

$p_{nc} = p_{ne} \cdot \gamma_Q = 3,063 \cdot 10^{-3} \cdot 1,5 = 4,594 \cdot 10^{-3} \text{ кН/см}^2$ ; - статикалық есептен анықталған;

в) өтпелі сақинаға әсер ететін тиімді тарамдаған күш (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (6.5) Формуласы бойынша):

$$F_{e, Ed} = n_{\phi h, Ed} \sin \beta - F_h - F_c = 2,444 \cdot \sin 30^\circ - 0,10 - 0,048 = 1,074 \frac{\text{кН}}{\text{см}}.$$

г) өтпелі сақинаға әсер ететін тиімді сәт (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 6.6 Формуласы бойынша):

$$M_{e, Ed} = F_c x_c - F_h x_h = 0,048 \cdot 5,232 - 0,10 \cdot 6,286 = -0,38 \frac{\text{кН}}{\text{см}} \cdot \text{см}$$

д) шұңғыманың үстінгі бөлігінде июдін жергілікті кернеуін анықтау үшін параметрлер (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (6.12) – (6.17) Формулалар бойынша анықталған):

$$\rho = 0,78 \cdot \sqrt{r} = 0,78 \times \sqrt{225} = 11,7 \text{ см}^{1/2}$$

$$\eta = \sqrt{t_h \cdot \cos \beta} = \sqrt{1 \times \cos 30^\circ} = 0,931 \text{ см}^{1/2}$$

$$a_1 = t_s^{3/2} + t_c^{3/2} + \frac{t_h^{3/2}}{\sqrt{\cos \beta}} + \frac{A_{ep}}{\rho} = 1^{3/2} + 0,8^{3/2} + \frac{1^{3/2}}{\sqrt{\cos 30^\circ}} + \frac{60}{11,7} = 7,918 \text{ см}^{3/2}$$

$$a_2 = t_s^2 - t_c^2 + t_h^2 = 1^2 - 0,8^2 + 1^2 = 1,36 \text{ см}^2$$

$$a_3 = t_s^{5/2} + t_c^{5/2} + t_h^{5/2} \sqrt{\cos \beta} = 1^{5/2} + 0,8^{5/2} + 1^{5/2} \times \sqrt{\cos 30^\circ} = 2,503 \text{ см}^{5/2}$$

$$\Delta = 2 \cdot a_1 \cdot a_3 - a_2^2 = 2 \times 7,918 \times 2,503 - 1,36^2 = 37,79 \text{ см}^4$$

мұнда  $t_h = 1,0 \text{ см}$  - хоппер қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$t_c = 0,8 \text{ см}$  - өтпелі қосылыс аймағында цилиндр қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$t_s = 1,0 \text{ см}$  - өтпелі қосылыстан төмен қабырға қалыңдығының жергілікті юбкасы;

$A_{ep}$  - өтпелі қосылыс аймағында сақинаның көлденең қимасының ауданы (қабықшаның межелес сегменттерінің нақты әсерін ескеруісіз),  $A_{ep} = b_p \cdot t_p = 30 \times 2 = 60 \text{ см}^2$ ;

$r = 225 \text{ см}$  - өтпелі қосылыстың радиусы (хоппердің үстінгі бөлігінде);

е) шұңғыманың үстінгі бөлігіндегі июдің жергілікті кернеулері (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (6.11) Формуласы бойынша):

$$\begin{aligned}\sigma_{b\phi h,Ed} &= \left(\frac{6}{\Delta}\right) \{(a_2 - 2a_1\eta)M_{e,Ed} - \rho(a_3 - a_2\eta)F_{e,Ed}\} - \left(\frac{6}{t_h^2}\right) F_{e,Ed} x_h = \\ &= \left(\frac{6}{37,79}\right) \{(1,36 - 2 \cdot 7,918 \cdot 0,931)(-0,38) - 11,7 \cdot (2,503 - 1,36 \cdot 0,931) \cdot 1,074\} - \\ &\quad - \left(\frac{6}{1,0^2}\right) \cdot 1,074 \cdot 6,286 = -42,16 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2}\end{aligned}$$

ж) беріктікті тексеру:

$$|\sigma_{b\phi h,Ed}| = 43,601 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2} > \frac{f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{23,5}{1,0} = 23,5 \frac{\text{кН}}{\text{см}^2}$$

мұнда  $f_y = 23,5 \text{ кН/см}^2$  – аққыштық шегі бойынша есептік кедергі.

$\gamma_{M0} = 1,0$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті.

Өтпелі қосылыс аймағында жергілікті ию кезіндегі беріктік қамтамасыз етілмеген.

Қорытынды: жергілікті аймақта шұңғыманың қалыңдығын  $n$  шамасына үлкейтеміз:

$$k = \frac{|\sigma_{b\phi h,Ed}|}{\left(\frac{f_y}{\gamma_{M0}}\right)} = \frac{42,16}{\left(\frac{23,5}{1,00}\right)} = 1,79.$$

Жергілікті аймақта қабырғаның қалыңдығын келесіге тең қылып аламыз:

$$t_{hi} \geq k \cdot t_h = 1,79 \cdot 1,0 = 1,79 \text{ см.}$$

4.4 Беріктікке есептеу.

а) есептік тең әсерлі меридиональды кернеулер статикалық есептегі шұңғыманың учаскесі үшін максималды болып алынады:  $n_{\phi h,Ed} = 2,444 \text{ кН/см}$

б) беріктік бойынша көтергіш қасиеті (1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің (6.18) Формуласы):

$$n_{\phi h,Rd} = 0,6\alpha_{xh}E \left(\frac{t_h^2}{r}\right) \frac{\cos \beta}{\gamma_{M1}} = 0,6 \cdot 0,10 \cdot 2,10 \cdot 10^4 \cdot \left(\frac{2,0^2}{225}\right) \frac{\cos 30^\circ}{1,10} = 17,64 \frac{\text{кН}}{\text{см}},$$

мұнда  $\alpha_{xh} = 0,10$  - көлденең иілген кезде иілімдік деформациясына сезімділік коэффициенті;

$E = 2,06 \times 10^4 \text{ кН/см}^2$  - болап серпіндігінің модулі;

$t_h = 2,0 \text{ см}$  - хоппер қабырғасының жергілікті қалыңдығы;

$r = 225 \text{ см}$  - өтпелі қосылыстың радиусы (хоппердің үстінгі бөлігінде).

$\gamma_{M1} = 1,10$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті;

тексеру –  $n_{\phi h,Rd}$  мына  $n_{\phi,Rd} = t_h \cdot f_y / \gamma_{M1}$  аспауы тиіс

$$n_{\phi h,Rd} = 17,64 \frac{\text{кН}}{\text{см}} < n_{\phi,Rd} = \frac{2,0 \cdot 23,5}{1,10} = 42,73 \frac{\text{кН}}{\text{см}}$$

в) Беріктікті тексеру:

$$\begin{aligned}n_{\phi h,Ed} &\leq n_{\phi h,Rd} \\ n_{\phi h,Ed} &= 2,444 \frac{\text{кН}}{\text{см}} < n_{\phi h,Rd} = 17,64 \frac{\text{кН}}{\text{см}}\end{aligned}$$

Қорытынды: беріктік бойынша көтергіш қасиеті қамтамасыз етілген.

## **6.4 Құйғыштардың арнайы құрылымдары**

### **6.4.1 Тіреу құрылымдары**

Шұңғымадан төмен орналасқан дискретті тіреулердің әсерін 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 5.4 Тармағына сәйкес анықтаған жөн. Ұстау құрылғыларды ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес есептеген жөн, сонымен қатар бункер мен ұстау құрылғысы арасындағы шекара 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 1.1.4 Тармағына сәйкес анықталады.

### **6.4.2 Ұстындағы шұңғыма**

6.4.2.1 Егер шұңғыманың тұрқысы шұңғыманың үстінгі шетінің жеке тіректерге тіреліп тұрса, шұңғыманың құрылымын ҚР ҚН EN 1993-1-6 жазылған ережелер бойынша қабықшалардың сәталды теориясын қолданумен есептеген жөн.

6.4.2.2 Шұңғыманың құрылымыдық шешімі ұстау құрылымдардан тіреу реакцияларын қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

6.4.2.3 Шұңғыманың түйіндері және қосылыстары сол қосылыстармен жіберілетін күштерден пайда болатын тең әсерлі кернеулердің ең үлкен жергілікті мәндерге есептелуі тиіс.

6.4.2.4 Орнықтылықтың жойылуы бойынша шұңғыманың көтергіш қасиетінің есептеуін қысу мембаранлық кернеулер пайда болған аймақтарда ҚР ҚН EN 1993-1-6 бойынша орындалады.

### **6.4.3 Симметриялық емес шұңғыма**

Егер шұңғыманың өсі тігінен емес, тікке қатысты  $\omega$  бұрышпен еңкейіп өтсе (осы құралдың 6.4 Суретін қар.), тік еңісі бар, мұндай геометриямен ұқсастандырылған жақтағы жоғарыланған меридиональды кернеулерді бағалаған жөн және дұрыс жергілікті меридиональды кедергіні қамтамасыз ету мақсатымен шаралар қабылдаған жөн.

### **6.4.4 Қаттылық қырлары бар конустар**

6.4.4.1 Қаттылықтың бойлық қырлар шұңғыманың үстінгі бөлігіне сенімді бекітілуі тиіс.

6.4.2.2 Егер шұңғыманың қабырғасы меридиональды қаттылық қырларымен күшейтілген болса, бойлық қырлар мен қабырғалардың деформациясының үйлесімділік әсері есептеуде ескерілуі тиіс. Шұңғыма қабырғасының айналма бағытында созылуы бойлық қаттылық қырлардың қысылуына әкеледі, оны Пуассон коэффициенті арқылы есептеген кезде ескеру қажет.

6.4.2.3 Шұңғыма қабырғаларының табақшаларын қосылуының бірлесе деформациясы нәтижесінде пайда болатын үлкейтілген созу күштерді қабылдау үшін жеткілікті өлшемдеру болуы тиіс.


6.4.2.4 Бойлық қаттылық қырдың және қабырғаның бекітпесі олардың арасындағы пайда болатын күштердің әсеріне есептелуі тиіс.

#### 6.4.5 Сегменттерден тұратын конус

6.4.5.1 Егер шұңғыманың конусы еңістері әртүрлі бірнеше сегменттерден тұрса, олар әр сегментке сусымалы қатты материалдардың әсеріне сәйкес келетін құрылымдардың есебіне қосылуы және есептелуі тиіс.

6.4.5.2 Шұңғыма қабырғасының еңкею бұрышы өзгерген жерлерде қажетті көтергіш қасиетті қамтамасыз ету үшін пайда болатын қысу немесе созу айналма кернеулерді анықтаған жөн.

6.4.5.3 Шұңғыма жобасында ылдый өзгерген учаскелерде абразивті тозуы жоғары аймақтар пайда болатынын ескерген жөн.



6.4 Сурет – Цилиндрлік бөлікке бекітілген ұстындары бар симметриялық емес шұңғыма

#### 6.5 Пайдаланушылық жарамдылықтың шекті күйлері

##### 6.5.1 Негізгі ережелер

Егер шұңғымалардың пайдаланушылық жарамдылығын бағалау қағидаттарында қажеттілік туындаса, деформациялардың нақты шекті мәндері жобалық ұйым мен тапсырыс берушінің арасында келісілуге жатады.

##### 6.5.2[6.5.2(1)] Діріл

Жобада пайдалану уақытында шұңғымаға тым артық дірілдің әсеріне шалдықпайтынын кепілдейтін қажетті шаралар қарастырылуы тиіс.

## 7 ДОМАЛАҚ КОНУСТЫҚ ҚАҚПАҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ЖОБАЛАУ

### 7.1 Негізгі ережелер

7.1.1 Шатыр құрылымын жобалаған кезде есептеулерде тұрақты, уақытша, технологиялық, апаттық, жел, қар жүктеулерін және жартылай вакуумның әсерін ескеру қажет.

7.1.2 Есептеген кезде сақталып жатқан қатты материалдардың кездейсоқ толып кету немесе сұйықталу нәтижесінде жоғарыға бағытталған күштердің шатырына әсер ету мүмкіндігін ескеру қажет.

### 7.2 Қақпақтың құрылымдың пішіндері арасындағы ерекшеліктер

#### 7.2.1 Терминология

7.2.1 Ұстау арқалықтарсыз немесе сақиналарсыз, майысқан табақшалардан қалыптасқан қабықша түріндегі конустық шатыр қабықша-шатыр немесе ұсталынбайтын шатыр деп аталады.

7.2.2 Қабықша арқалықтармен немесе торлы жүйемен ұсталатын конустық шатыр қаңқа шатыр немесе ұсталатын шатыр деп аталады.

### 7.3 Бункердің домалақ конус қақпақтарының көтергіш қасиеті

#### 7.3.1 Қабықша-шатырлар

7.3.1.1 Күмбез-қабықша түріндегі шатырлар ҚР ҚН EN 1993-1-6 талаптарына сәйкес жобалануы тиіс. Төмендегі ережелерді орындау диаметрі 5 м аспайтын және шатырдың горизонтальға ылдйі  $\varphi$  40° аспайтын конустық шатырлар үшін бұл талаптардың қанағаттандыруын қамтамасыз етеді.

7.3.1.2 Фон Мзестің келтірілген кернеулері мембраналық күштердің және июші сәттердің әрекеттері кезінде келесі мәннен аспауы тиіс:

$$f_{e,Rd} = \frac{f_y}{\gamma_{M0}} \quad (7.1)$$

мұнда  $\gamma_{M0} = 1,0$  - иімділіктің шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті.

7.3.1.3 Орынқытылықты жойылудың сыншы сыртқы қысымы  $p_{n,Rcr}$  изотропты конустық шатыр үшін мына формула бойынша анықтаған жөн:

$$p_{n,Rcr} = 2.65 \cdot E \cdot \left( \frac{t \cdot \cos \varphi}{r} \right)^{2.43} \cdot (\tan \varphi)^{1.6} \quad (7.2)$$

мұнда  $r$  - шатырдың сыртқы радиусы;

$t$  - қабықша табақшасының ең кішкентай қалыңдығы;

$\varphi$  - конустың жазық бетке ылдйы.

7.3.1.5 Бойылқ ию кезіндегі есептік сыртқы қысым мына формула бойынша анықталуы тиіс:

$$p_{n,Rd} = \frac{\alpha_p \cdot p_{n,Rcr}}{\gamma_{M1}} \quad (7.3)$$

мұнда  $\gamma_{M1} = 1,1$  - орнықтылықтың жойылудың шекті күйі бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенті.

$$\alpha_p = 0,20.$$

7.3.1.5 7.1 Тармағында белгіленген әсерлер нәтижесінде пайда болатын шатырға есептік максималды сыртқы қысым келесі шартқа сәйкес келуі тиіс:

$$P_{n,Ed} \leq P_{n,Rd} \quad (7.4)$$

### 7.3.2 Қаңқалы шатырлар

Жабынның табақша қаптауы арқалықтарға немесе торлы жүйеге сүйенетін қаңқалы немесе ұсталынатын шатырларды ҚР ҚН EN 1993-4-2 ережелеріне сәйкес есептеген жіне жобалаған жөн (Резервуарлар).

### 7.3.3 Карнизтік түйін

